



# БІЛІМ ШЫҢЫ- ҒЫЛЫМ СЫРЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ



*АПЕКОВА Калзат Жүсіпбекқызы,  
С. Әбдіжаппаров атындағы жалпы орта  
мектеп-интернатының директоры  
Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы*

## МЕКТЕП – БІЛІМ ОРДАСЫ, БАҚЫТҚА БАСТАР ЖОЛ БАСЫ

# С. Әбдіжаппаров атындағы жалпы орта мектеп-интернаты



2 бет



# Ыбырай Алтынсарин —

## қазақ халық ағарту ісінің тұңғыш тұлғасы

*ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,  
бас редактор*



Тарихты тұлғалар жасайды. Халық жадында тұңғыш деп мойындалған тұлғалар көп емес. Ыбырай Алтынсарин – қазақ халық ағарту ісінің тұңғыш тұлғасы. Биыл тарихтан өз орнын алып, еңбегі бағаланған, қазақ ұстаздары арасында дара болған Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойын атап өтеміз. Ең қасиетті құндылығымыз Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен қатар келген бұл мерейтойды еліміздің ұстаздар қауымы жас ұрпаққа сапалы білім, жақсы тәрбие беру жолындағы ерен еңбегімен қарсы алады деп ойлаймын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Біз не істесек те, бәрін келер ұрпақ үшін жасаймыз. Мемлекеттік саясаттың болашақ алдындағы жауапкер-шілігін терең сезінеміз. Бұл ұстанымнан ешқашан айнымаймыз. Ең ғажайып ерліктер Отанға шексіз сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз. Шын отан-сүйгіштік дегеніміз – жалаң ұран тастау емес, еліне, халқына қызмет ету. Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі» деп атап өткен болатын. Ел Президентінің осы тамаша сөздерін оқығанда тұңғыш қазақ педагогы болған Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен қызметін еріксіз еске түсірдім. Бәрін де жас ұрпақ үшін жасап, болашақ алдындағы жауапкершілігін терең сезініп, халқына адал қызмет еткен ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсарин елінің дамуына өз үлесін қосып жатқанын сезініп, нағыз бақытқа кенелген отансүйгіш азамат болды деп нық сеніммен айтуға болады. Ыбырай Алтынсарин — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, ақын, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Шын аты — Ибраһим. Ол 1841 жылы қазан айының 20-сында қазіргі Қостанай облысы Затобол ауданында дүниеге келген. Ыбырай 3–4 жасқа толғанда, әкесі Алтынсары қайтыс болып, атасы Балғожа бидің қолында қалады. Балғожа Ыбырайды Орынбор шекара комиссиясының

жанынан ашылған мектепке береді. Жаңа ашылған мектепте 30 бала, олардың ішінде 9 жасар Ыбырай да болды. Мектепті бітіргеннен кейін, 1857–1859 жылдар аралығында ол атасы Балғожа бидің хатшысы болды. Кейін Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмаштық қызметіне ауысады. 1860 жылы Орынбордан Торғайға ауысып, мұғалімдік қызметке орналасады. Өзінің тікелей күш салуымен 1864 жылы қазақ балаларына арналған тұңғыш мектеп ашады. Осыдан бастап оның ағартушылық және педагогикалық қызметі басталады.

Қазақ халқын мәдениетке үндеп, халық ағарту мәселесінде көп еңбек еткен тұңғыш ағартушы 1864 жылдан 1889 жылға дейін жиырма бес жылдық өмірін қазақ балаларына арнап мектеп ашу, оларды оқыту, тәрбиелеу, оқулықтар, оқу құралдары және әдістемелік кітаптар жазу жұмысына арнайды. Кезінде Ыбырай Алтынсарин салдырған Қостанай өңіріндегі мектептерде Алаштың ғұламалары А.Байтұрсынов пен М.Дулатов оқыған, «Алашорда» қозғалысы дүниеге келген. Жалпы, Ыбырай Алтынсариннің рухани өсуіне профессорлар В.В.Григорьев пен Н.И.Ильминскийдің ықпалы ерекше болған. Ыбырай өзінің қалыптасу барысында шығыстанушы-ғалым В.В.Григорьевтің тікелей ықпалында болды. Атасы Балғожа биді жақсы білетін және сыйлайтын В.В.Григорьев Ыбырайға аса ілтипатпен қарап, өзінің бай кітапханасын пайдалануға мүмкіндік берген. Ыбырай оның кітапханасынан әдебиет, тарих, философия кітаптарын, дүниежүзі ағартушыларының еңбектерін, ұлы адамдардың өмірі туралы шығармаларды көп оқыған. Қазақ даласындағы тұңғыш мектепті, тұңғыш колөнер мектебін, яғни техникалық білім беретін тұңғыш оқу орнын, тұңғыш мұғалімдер мектебін ашып, «Қазақ хрестоматиясы» атты тұңғыш оқулық және «Мұсылманшылық тұтқасы» атты оқу құралын жазған Ыбырай Алтынсариннің есімі Қазақ Елінің тарихына алтын әріппен жазылды. 1889 жылдың 17 шілдесінде небәрі 48 жасында дүниеден өткен Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен қызметі әр ұстаз үшін өшпес өнеге деп ойлаймын.

# МЕКТЕП — БІЛІМ ОРДАСЫ,



**АПЕКОВА Калзат Жүсіпбекқызы,  
С.Әбдіжаппаров атындағы жалпы орта  
мектеп-интернатының директоры.  
Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы**

Қазақ Елі тәуелсіздіктің 30 жылдығына толағай табыстарымен қадам басты. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев еліміздің қаржылық қиын жағдайға қарамастан 1990 жылы 5 қарашада

«Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындап, дарынды жастарымыздың әлемнің іргелі білім ордаларында білім алуына жағдай жасады. Елбасымыздың осы көреген бастамасы қазіргі кезде Қазақ Елінің қарыштап дамуына кең жол ашты деп нық сеніммен айта аламыз. Қай заманда да білім елдің бәсекеге қабілеттілігінің басты көрсеткіші болған. Сондықтан да ел болашағын ойлаған әр адам мұғалімге құрмет көрсетіп, алтын ұя мектепке қамқорлық жасуы керек. Мектеп – білім ордасы, бақытқа бастар жол басы. «Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын - мұғалімдікі» деген қазақтың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаевтың, «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» деген ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының дана сөздері қазақ қауымының бет түзейтін темірқазығы болуы тиіс деп ойлаймын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында отыз жылда жеткен жетістіктерімізге кезең-кезеңімен тоқталып, алда тұрған мақсат-міндеттерді белгіледі. «XXI ғасыр-білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғарғы еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс» деді мемлекет басшысы. Осы тұста ұрпақ тәрбиесіне жауапты мұғалімдерге артылар жүк ауыр. Еліміздің

болашағы жастар десек, жастардың болашағы оларға жақсы тәрбие мен сапалы білім беретін ұстаздар екені белгілі. Ел мерейін өсіріп, елге қызмет ететін бәсекеге қабілетті тұлғаларды тәрбиелейтін алтын ұя мектеп болып саналады. Осындай білім ордасының бірі-киелі Бәйдібек ауданында 2011 жылы негізі қаланып, 2018 жылы Кеңес одағының батыры Садық Әбдіжаппаровтың есімін иеленген жалпы орта мектеп-интернаты он жылдан бері жас ұрпаққа тәрбие мен білім нәрін сеуіп, еліміздің өркендеуіне өзіндік үлес қосып келе жатқан енселі білім ордасы.

«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы негізінде бәсекеге қабілетті адами капиталды қалыптастыру, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, үштілділік білім беру шеңберінде инновациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы білім алушыларды қазақстандық патриотизм идеясында ұлттық болмысты байыту мақсатында оңтайлы жаһандық тәжірибелерді қолдануды мақсат еткен білім ордасында 137 педагог, оның ішінде 3 педагог-шебер, 34 педагог-зерттеуші, 37 педагог-сарапшы, 22 педагог-модератор 1000-нан аса оқушыға сапалы білім беруде.

2019-2020 оқу жылында мектебімізде 873 оқушы білім алды. 155 үздік, 318 екпінді оқушыларымыздың жетістіктерін біз мақтан тұтамыз. Мектеп бітіруші 18 түлек білім грантын иеленіп, ұстаздар қауымын қуантып, алғыстарын білдіруде.

Мектебіміз жыл қорытындысы бойынша аудан мектептерінің арасынан оза шығып, «Жылдың үздік мектебі» номинациясын иеленді.

Қай мақсатта болсын ізденіп, жүзеге асыруда аянбай, білімді шәкірттер тәрбиелеп отырған ұстаздарымыз аз уақыттың ішінде республикалық, облыстық деңгейдегі олимпиада, байқаулар мен сайыстардың жүлдегерлері атанып келеді.

2020 жылдың қаңтар айында өткен жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне қатысқан 26 оқушының ішінде 20 оқушы жүлделі орындармен марапатталып, 6 оқушы облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық кезеңде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен қатысқан 10-сынып оқушысы Әскербек Жансая 3-орын, химия пәнінен 10-сынып оқушысы Кеңес Бейбарыс 3-



# БАҚЫТҚА БАСТАР ЖОЛ БАСЫ

орын, биология пәнінен Әскербек Аяна 3-орын мен құқық пәнінен 11-сынып оқушысы Мырзаханқызы Назерке «Жас талап» номинациясымен марапатталды. Қазақстан тарихы пәнінен 9-сынып оқушысы Кеңес Мерей 1-орынмен марапатталып, олимпиаданың республикалық кезеңіне жолдама алды. 5-6 сынып оқушылары арасында «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығының» ұйымдастыруымен өткен пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 6-сынып оқушысы Қожабек Ақбота 1-орынмен марапатталып, олимпиаданың облыстық кезеңінде 1-орын, Республикалық кезеңінде «Алғыс хатпен» марапатталды.

2020 жылы мектебімізде үш облыстық және екі аймақтық семинар өткізілді. «Отбасылық тәрбие баланың әлеуметтендірудегі басты факторы» тақырыбында өзін-өзі тану пәнінен облыстық семинарда үлгілі сабақтарын беріп, өз тәжірибелерімен бөліскен пән мұғалімдері Омарбекова Айгерім мен Сатыбалды Мөлдір Түркістан облысының білім басқармасы облыстық әдістемелік орталығының мадақтамасымен марапатталды.

«Бастауыш сыныпта оқытудың әдіс-тәсілдерін сабақта тиімді пайдалану – сапалы білім негізі» тақырыбымен бастауыш сыныптардың облыстық тәжірибелік семинары өткізілді. Семинарға Түркістан облыстық әдістемелік орталығының әдіскері Жолдасбекова Жайна Қожаахметқызы, Кентау, Түркістан, Ордабасы, Отырар, Созақ аудандарының шығармашылық топ мүшелері мен ұстаздары қатысты. Өз тәжірибелерімен бөліскен мектеп ұстаздарының сабақ үлгілері мен іс-тәжірибелері облыс көлемінде таратылды. Семинарда директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Арынбекова Нұршат, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айдарбекова Гүлчехра, сабақ берген бастауыш сынып мұғалімдері Билмаханбетова Рабиға, Мутабаева Күнай, Байдуашова Сандұғаш, Әбіханова Айгүл, Аблаева Гүлбаршын, Сүйінбекова Айнұр, Қартбай Гүлжайна, Алхагова Айкерім, Жолдасбекова Маржан, Омарбекова Айгерім, Сазекова Гүлзира және ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Бекеева Гүлжан, Утелбаев Ясауидин, Ерданова Гүлвира, Нүсіпова Ұлберген облыстық әдістемелік кабинетінің Мақтау қағазымен марапатталды.

«Ағылшын тілі және жаратылыстану, математикалық бағытындағы пәндерді кіріктіріп оқытуда оқушылардың білімін бағалау» тақырыбындағы облыстық-аймақтық тәжірибелік семинарда химия пәнінің мұғалімі Бимбетова Бибісара өз тәжірибесімен бөлісіп, облыстық әдістемелік орталықтың Мадақтамасымен марапатталды.

«Кітапхана – жастар үшін жаңа мүмкіндіктер кеңістігі» тақырыбында аймақтық оқыту семинарда кітапхана меңгерушісі Келесбаева Гүлжан Жақсылыққызы өз тәжірибесімен бөлісіп, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Құрмет грамотасымен», «Туған жер» жобасы аясында «Үздік кітапханашы» облыстық байқауында 3-дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Ең білімді педагог-2020» IV облыстық пән олимпиадасына қатысып, «Бас жүлде» және «Үздік педагог» төсбелгісімен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Сейдахметова Гүлжанат, Аязова Салима, Айтаханова Ақжібек, бастауыш сынып мұғалімдері Джумансейтова Гүлжамал, Нүсіпова Ұлберген, Қартбай Гүлжайна, Орынбаева Ғалия марапатталды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Туленова Фарид, Әділбекова Айнұр, бастауыш сынып мұғалімдері Сапарбаева Ұлтұсын, Сүйінбекова Айнұр, Байсариева Гаухар, Рахымбергенова Жанар, Билмаханбетова Рабиға, Сазекова Гүлвира 1-орын иеленді, 2-орынды қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Керейбаева Гүлжан иеленді, 3-орынға қазақ тілі пәні мұғалімдері Еркебаева Жансая, Абдираманова Айсара ие болды.

Облыстық «Педагогикалық дебют» байқауына қатысқан ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Сапарова Жадыра 2-орын, қазақ тілі пәнінің мұғалімі Абдираманова Айсара 3-орын, физика пәнінің мұғалімі Төребекова Альмира 3-орын иеленді. «Кенгуру-математика барлығы үшін» атты халықаралық зияткерлік конкурсының жүлдегерлерін дайындаған математика пәнінің мұғалімдері Омарова Гүлнұр, Кадимова Ақмарал, Турабекова Еңлік, Дәрі Айгерім арнайы Мадақтамалармен марапатталды.

Білім мен тәрбие - егіз ұғым. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы» деп дана бабамыз Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай, тәрбие саласы бойынша «Үздік тәрбие жұмысының жүйесі» аудандық байқауында 1-орынды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айдарбекова Гүлчехра иеленді. Аудандық «Өнерлі ұстаз-2020» байқауында Әшенова Лаура 2-орынға ие болды. Педагогтардың тамыз кеңесінде сапалы баяндама жасаған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Туреханова Гүлмира Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту орталығының Мадақтамасымен марапатталды.

Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында қосымша білім беру саласы бойынша мектебімізде «Гимнастика», «Хореография», «Волейбол», «Футбол», «Үстел теннисі», «Қызықты математика», «Химия ғажайыптары», «Шешендік өнер», «Шебер қол», «Сырлы сөз» сынды ақылы үйірмеде қосымша білім беру педагогі жұмыс жүргізуде. Мектеп оқушылары арасында волейболдан облыстық жарыста үздік қолдаушы «Черлидинг» командасы 1-орынға ие болды. Жетекшілері «Шаттық би» үйірме жетекшісі Нұрлан Ақбота және «Гимнастика» үйірме жетекшісі Өскенбай Мадина Құрмет грамотасымен марапатталды.

Заманауи әлемдегі елдің қуаты білімі мен ғылымында. Білімді жас ұрпағын тәрбиелей алған елдер көш бастап тұрған ғасырда мектебіміздің ұстаздары оқушыларға сапалы білім, жақсы тәрбие беру жолында аянбай еңбек ете береді деп сенім білдіремін.





## *Алғыс айтам жақсы адамның бәріне*

**АБУ Гулназира Талгатовна,  
Есік гуманитарлық-экономикалық колледжінің  
орыс тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы.  
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы**

Көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келетін Алғыс айту күні мерекесі – бір шаңырақ астындағы ұлттардың бірлігі мен достығының жарқын белгісі. Бұл – қуғын-сүргінге ұшырап, аласапыран заманның тауқыметін тартқан түрлі этностардың бір-біріне және оларды өз бауырындай қабылдап, мейірбандық танытқан қазақ халқына алғыс айту күні.

Алғыс айту күні – Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған, қазақстандық бірегейліктің негізгі арқауы – еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын Қазақстан халқы Ассамблеясының күні.

Жақсы сөз айту, жақсылық жасау – әрбір адамның міндеті. Әрине, жылдың әр күні сыпайы болуға тырысуымыз керек. Алайда, көп жағдайда алғыс айтуды ұмытып, немесе оған ерекше көңіл бөлмейміз. Алғыс сөздерінде

бір сиқырлық бар – олар арқылы біздер бір-бірімізге ризашылығымызды көрсетеміз, көңілімізді білдіреміз, жақсы эмоциялар сыйлаймыз. Ғалымдардың айтуы бойынша, рахмет сөзін айту – адамдар арасында жақсы қатынас орнатады. Алғыс сөздері – адамды тыныштандыру, жүрегін жылытудың бірден-бір амалы. Бастысы, алғысыңыз шын жүректен шығуы шарт.

Халықтар арасындағы достықты бекітуге, бауырластық қарым-қатынастардың нығаюына, әр ұлттың салт-дәстүрінің қайта жаңғыруына осы мейрам үлкен үлесін қосып отыр.

Бұл өмірдің жақсыларсыз сәні не,  
Бак тілеймін қасиетті еліме.  
Барлық жақсы мамандарға ризамын,  
Алғыс айтам жақсы адамның бәріне.



## *Алғыс айту күні - Бірлік пен Берекенің мерекесі*

**ИЛИЯСОВА Назерке Әлімханқызы,  
«Еркеназ» бөбекжайының тәрбиешісі.  
Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы**

Әр адамның көңіліне нұр сыйлайтын гүл көктемнің алғашқы күнінде, біз ең керемет мереке Алғыс айту күнін атап өтеміз. Биыл біз бұл мерекені бесінші рет тойлаймыз. Алғыс айту күні- бірлік пен берекенің, ізгілік пен ынтымақтың мерекесі. Жалпы алғыс айту жақсы адамға тән қасиет. Біз балабақшадағы бүлдіршіндерге ақ пен қараны, жақсы мен жаманды ажыратып, тек жақсы қасиеттерді үйретеміз. Барлық бүлдіршіндердің ойы бір жерден шығып, жақсылыққа ұмтылып, тек әділдікке, тек ізгілікке құмар екеніне риза боласын. Елбасымыздың 1 наурыз күнін Алғыс айту күні деп белгілеуінде үлкен мән бар. Көп ұлтты Қазақстандағы қазақ ұлтының қадірін арттыруға, ұлттар арасында достықты, татулықты сақтауға бағытталған Алғыс айту күнін біз әрдайым үлкен қуанышпен атап өтеміз. Қазақ Елінің түп қазығы қазақ ұлты. Ал басқа ұлттардың барлығы диаспоралар. Белгілі бір уақыттарда ол адамдардың бабалары біздің елге жер

аударылған. Әр түрлі халықтар біздің елге тағдыр тәлкегімен келгені анық. Сол шақта қолында барын бөліп берген, қамқор болып қатарына алған қазақ ұлтына шын Алғыс айту күні. Ал балалар үшін ата-аналарын, тәрбиеші апайларын, аға, әпкелеріне, бауыр, қарындастарына Алғыс айту күні. Бала көңілі кең, жүрегі дархан. Олар ешкімді бөліп-жарып қарамайды. Олар көктегі күнге, бұлтқа, асқар тауға, бұрқанған өзенге де алғысын айта береді. Біз де солай алғыс айтамыз. Елімізге амандық тілейміз. Әр отбасына күллі әлемге жайылған дерттен аман шығып жарқырап атқан таңда көрісейік дегім келеді. Былдырлаған бөбектеріміз аман болсын. Әр күнімізді нұрға бөлеген, тәтті қылықтарымен өмірімізді мәнді еткен былдырлаған балапандарға шын жүрегімізден алғысымызды білдіреміз. Айналасына ізгі ниетімен шуағын шашқан, жақсылығы мен бақыттың есігін ашқан барлық жақсы адамдарға мың алғыс айтамын.

«БІЛІМ ШЫҒЫ-ҒЫЛЫМ СЫРЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГТАР МЕН ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫНЫҢ

**ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫ**

**ТУРҒАНБАЕВА Балнур Аскербековна,**  
«Еркеназ» бөбекжайының дене шынықтыру нұсқаушысы.  
Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы



Турганбаева Балнур Аскербековна 1983 жылы 1 қазанда ШҚО Тарбағатай ауданы Қызыл кесік ауылында дүниеге келген. Мектепті 2000 жылы бітірді. 2012 жылы Семей қаласындағы Олимпиада резервінің аймақтық спорт колледжіне түсіп, 2015 жылы аяқтады. Мамандығы дене тәрбиесі және спорт. 2015 жылдан бастап «Еркеназ» бөбекжайына жұмысқа қабылданып, қазіргі таңда осы мамандығы бойынша жұмыс атқарып келеді. 2016 жылы балабақша ішілік «Біз шеберміз» атты көрмеге қатысып, Мақтау қағазымен марапатталды. 2017 жылы білім беру саласындағы, жас ұрпақты тәрбиелеудегі жемісті еңбегі үшін балабақша Мақтау қағазымен марапатталды. 2017 жылы Өскемен ұрпақ тәрбиелеу жолындағы белсенді еңбегі мен қосқан үлесі үшін ауыл әкімдігінен Алғыс хатпен марапатталды. 2019 жылы ҚР Тұңғыш Президенті қорының ІІІ Республикалық «Үздік балабақша тәрбиешісі» байқауына қатысып, жоғары нәтижеге қол жеткізгені үшін арнайы дипломмен марапатталды. 2019 жылы аудандық мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие педагогтарына арналған «Мектеп жасына дейінгі балаларды бес білім беру саласы арқылы тәрбиелеудегі маңыздылығы» тақырыбында өткізілген іс-тәжірибе алмасу семинарында тәжірибелік жұмыс көрсеткені үшін Алғыс хатпен марапатталды. 2020 жылы «Ауыл жастарының әлеуетін арттыру жөніндегі жобаны іске асыру» жобасы аясында көшбасшылық қабілетін дамыту, көшбасшының ерекшелігі мен жауапкершілігін өз орталарында қалыптастыруға бағытталған «Көшбасшы болуға ұмтыламыз» атты семинарға белсене қатысканы үшін арнайы сертификат берілді. 2021 жылы аудандық конференцияға іс-тәжірибе жұмысын көрсеткені үшін арнайы сертификат пен марапатталды. Болашақта Балнур Аскербековна білімді ұрпақ тәрбиелеуде үлкен жетістіктерге жетеді деп сенеміз.

**ТҰРСЫНҒАЛИЕВА Мейрамгүл Тұрсынғалиқызы,**  
«Еркеназ» бөбекжайының психологы.  
Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы



Тұрсынғалиева Мейрамгүл Тұрсынғалиқызы 1989 жылы ақпанның 25-ші жұлдызында ШҚО Тарбағатай ауданы Қызыл кесік ауылында дүниеге келді. 1994 жылы Көкжыра ауылында М.Әуезов атындағы орта мектебінде бастауыш сыныпты оқып, жоғарғы сыныпты Қызыл Кесік ауылындағы Би Боранбай орта мектебінде аяқтады.

2007 жылы Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университетіне қабылданып, 2012 жылы осы аталған университетті педагогика және психология мамандығын аяқтады. 2012 жылы Қызыл кесік ауылындағы «Еркеназ» бөбекжайында психолог мамандығымен еңбек жолын бастады. Психолог адамның сырласы, адам жанының елшісі. Ең алқашқы жұмыс жолын Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Қызыл кесік ауылындағы «Еркеназ» бөбекжайына 2012 жылы педагог-психолог болып жұмысқа тұрды. 2014 жылы «Еркеназ» бөбекжайының атынан Мадақтамамен марапатталды. 2014 жылы қоғамдық жұмыс «Киелі кимешек» сұлулық байқауынан ІІ орынды иеленді. 2015 жылы ауыл әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. 2018 жылы І Республикалық «Үздік педагог» олимпиадасына қатысканы үшін сертификатталды. 2019 жылы Тарбағатай ауданының білім беру бөлімінің мектепке дейінгі жылдың ең үздік психологы» сайысына қатысып ІІ орын иеленді. 2019 жылы Тарбағатай ауданының білім беру бөлімі ұйымдастырған «Педагогикалық тәжірибе, шығармашылықтың бастамасы» дөңгелек үстеліне қатысып Мадақтамамен марапатталды. 2019 жылы «Заманауи технологиялар арқылы баланың психологиялық денсаулығын қалыптастыру» атты әдістемелік көмекші құралын жинақтап шығарды. 2021 жылы Тарбағатай ауданының білім беру бөлімі «Мектепке дейінгі ұйымдарда музыка пәнін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері» тақырыбында аудандық іс-тәжірибе алмасу онлайн конференциясында «Үздік» жұмыстары үшін марапатталды. Ұстаздық қызметіңізде жемісті жеңістер мен шығармашылық табыс тілейміз.



## Қалыптастырушы бағалау - табысқа жету баспалдағы

*АБДЕКЕРИМОВА Нұрсұлу Зейнедиловна,  
Б.Қыдырбекұлы атындағы орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.  
Алматы облысы, Жамбыл ауданы*

Бағалаудың бұл түрінің қалыптастырушы болып аталатындығы - бағалаудың нақты бір оқушыға, оның білім мазмұнын меңгерудегі кемшіліктерін анықтауға және өзіндік орнын барынша тиімді толықтыруға бағытталғаны.

Қалыптастырушы бағалаудың ерекшелігі - оқушының күнделікті білім сапасы, білім алуға олқылықтарды күнделікті түзеу, оқушылардың қиындық тудыратын сұрақтарын анықтау және оны жою, оқушылардың бағалаудан алған жағымсыз әсерінің азаюы, психологиялық жайлы ортаның болуы, бағалаудың әділдігі, анықтылығы және ашықтығы, өзін-өзі бағалау дағдылары.

Оқытудың маңызды бір бөлшегі-оқушылардың өзін-өзі бағалауы, өз жұбын бағалауы және өзара топ мүшелерін бағалауы. Мысалы, диалогтік оқыту әдістемесі негізінде жүргізілген алғашқы сабақтарымда оқушылар өздерін, жұбын, тобын бағалаған кезде жаймашуақ бағаласа, келесі сабақтарда балалар бағалау кезеңінде мұғалімнің кеңесі бойынша берілген критерийлерге жүгініп, толық мағыналы және әділ бағалады, балалардың ойлау деңгейлері олардың жас шамасына бейімделген сындарлы диалогті ынталандыру стратегиясы да әр жастағы балалар мүмкіндігіне беріледі.

Талдау жұмыстары балалардың білім деңгейінің қаншалықты дамуының дәрежесін анықтауға көмектеседі. Топ ішінде әңгімелесу - оқушының өзін-өзі реттеу үдерісіне әкеледі. Олар түсіну, бақылау және өзін-өзі бақылауды реттеу қабілеттерін дамытады.

Сабақ соңында топтарға әр топтың сабақ барысындағы іс-әрекетіне «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы баға берілді. Кері байланысқа түсе отырып сабақтың ұнаған жақтары мен ұсыныстарын оқушылардың өздері дәлелдеді. Яғни бұл келесі сабақта алдыңғы сабақта кездескен қиындықтарды жеңуге мүмкіндік туғызады. Топпен жұмыс тәсілін өз сабағымда пайдалана отырып мен бұл әдістің тиімділігіне көз жеткіздім. Бұл тәсіл оқушылардың бір-бірін тыңдай білуіне, сөйлеу мәдениетіне, өздерін сенімді ұстауына, ұйымшыл болуға тәрбиелейтінін байқадым.

Жалпы алғанда, оқушылардың қаншалықты білетіндігін анықтау үшін жақсы қарым-қатынас, тілдік дағдылар және оқушылардың бір-біріне түсіністікпен қарауы талап етіледі. Оқушылардың қысқа жауап беретін

сұрақтарымен салыстырғанда, диалогтік сұхбаттасу мұғалімдер де, оқушылар да білім алуға қомақты үлес қосатын өзара іс-қимылдың шын мәніндегі тиімді түрі болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарымда Блум таксономиясы бойынша оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттырып, бір-бірімен еркін пікір алмасуға, сыни тұрғыдан ойлануына және өзіндік пікірін қалыптастыруға мүмкіндік беремін.

Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер.

Сабақ барысында диалогты оқытуды қолдана отырып, менің оқушылармен, оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы жақсарғанын байқадым. Бұл әдісті 7-сыныптағы «Сүйінбай мен Қатағанның айтысында» кеңінен қолдандым. Оқу бағдарламасындағы сабақтың бірінші сағатында жаңа материалды меңгергеннен кейін, айтыс тақырыбымен танысып алғаннан кейін оқушыларда қызығушылық пайда болды. Сабақтың екінші сағатында жұп болып айтысуға ниет білдірген оқушылар біршама болды. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер модулі арқылы оқушылардың айтыс өнеріне ден қоюы олардың ойлау дәрежесінің дамуы деп түсінемін. Іс-тәжірибеде жаңа әдіс-тәсілдер арқылы топтарға бөлдім, сыныпта ынтымақтастық атмосферасын құрамын, «Досыма тілек», «Жүректен-жүрекке», «Ыстық орындық» әдіс-тәсілін сабақ үрдісінде тиімді пайдалануға тырысамын.

Әдістеменің ерекшелігі: оқушылар өз бетінше іздену арқылы жаңа білім алады. Оқушылардың шығармашылық, танымдылық қабілеттері дамиды. Оқушылар жұптық, топтық жұмыста жаттығады.

Сыни тұрғыдан ойлану.

Оқушыларға сыни сұрақтар беру арқылы оқушыларды ойлануға үйретемін. Көбінесе өзекті мәселелерді шешуге дағдыландырамын. Оқушылар берілген сұрақтарға ойланып, толыққанды жауап беруге тырысады. Сыныптағы үлгерімі төмен оқушыларға да ашық сұрақтар қою арқылы өз деңгейінде жауап беруге жетелеймін. Оқушылардың басым бөлігі топтық жұмыста «Топ ережесіне» дағдыланып, постер қорғауда белсенділік танытады.

Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.

Сабақ үрдісінде оқушыларды мадақтау арқылы алға жетелеп отырамын. Бірінші сабақта «Бағалау парағы» арқылы бағаладым. Топта бір-біріне «Кері байланыс»

беру арқылы бағаланады. Екінші сабақта бағалау таяқшаларын пайдалана отырып, оқушылар өзін-өзі бағалайды. Үшінші сабақта топ көшбасшыларының көмегімен бағаланады. Төртінші сабақта тест жауаптары арқылы бағаланады. Оқушылар «Бағдаршам» арқылы өзін-өзі бағалайды. Мысалы: сабақты түсінбесе-қызыл түс, түсінгісі келсе - сары түс, толық түсінсе - жасыл түсті көрсетіп отырады. «Бағдаршам» әдісі арқылы оқушылардың қай деңгейде түсінгенін аңғарамын.

Оқыту мен оқуда ақпараттық коммуникация технологияларын пайдалану АКТ-ны сабақ беру барысында тиімді пайдалануға тырысамын. 10-сыныпта «Әнші-сазгер, сал-сері, ақындар шығармашылығы» тақырыбының алғашқы сабағында бейнероликтер көрсетемін.

Осы сабақтың 4-сағатында «Қазіргі заманғы» айттығы тамашалайды. Интербелсенді тақтадан бірнеше фотосуреттерді көрсете отырып, есте сақтау мен көру арқылы визуалды қабылдайды.

АКТ-да оқушылар да белсенді жұмыс жүргізеді. Мысалы: тақтада «Сәйкестендіру» кестесі, сөзжұмбақ, сұрақ-жауап тапсырмалары, көп нүкте орнына тиісті сөз қою, әріп қою тапсырмаларын орындатамын. Сергіту сәттерінде де интербелсенді тақтаны қолданамын. Нәтижесінде оқушылардың көңіл-күйі көтеріңкі болып, сабаққа деген қызығушылығы артады.

Сабақтарда оқу мақсатына бағыттай отырып, Ассоциация, интервью, «Венн диаграммасы», сұрақ қою, қайта сұрақ қою, «Білдім. Білемін. Білгім келеді», «Бес жолды өлең» стратегияларын қолданамын.

Ассоциация - оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытады.

Интервью - еркін ойлау машықтарын, іскерлік қабілеттерін, белсенділігін арттырады, бірін-бірі тыңдап, дұрыс, тиімді, нақты жауап қайтаруға, құрметтеуге үйретеді.

Венн диаграммасы стратегиясы салыстыру, бір-бірінің нақты айырмашылығын таба білу қабілеттерін арттырады.

Сұрақ қою, қайта сұрақ қою стратегиясы оқушылардың бірін-бірі тыңдап, дұрыс жауап қайтаруға үйретеді.

«Білдім. Білемін. Білгім келеді», «Бес жолды өлең» - оқушылардың шығармашылық қасиеттерін дамытады.

Стратегияларды жүйелі қолданып, үнемі орынды пайдалана білсек, оқушылардың өз ойын еркін айтып, ойланып, тұжырым жасап, қолдана алатындарына сенім зор. Бұл стратегияларды қолдану негізінде оқушылардың қызығушылығы өте жоғары болады.

Ақпараттық технологиялардың оқу-тәрбие үрдісінде қолдану мұғалімдердің де, оқушылардың да мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ендеше ақпараттық технологияларды үйлесімді пайдалану қазіргі таңда өзекті мәселелердің біріне айналып отырғаны даусыз.

Жоғары сыныптарда роман, әңгімелерді оқыту тіпті қиыншылықтарға әкеп соғады, себебі балалар кітап оқып отырғаннан компьютерде көбірек отырғанды қалайды. Осы мәселенің шешуін де ақпараттық технологиялар көмегімен табуға болады.

Мәселен, романды оқуға екі немесе үш сағат берілсе, оның бірінші сабағында мұғалім қысқаша роман кейіпкерлерімен, мазмұнымен слайд арқылы таныстырады. Екінші сабақта, осы роман сюжеті бойынша

түсірілген кинофильм болса, соны көрсету. Үшінші сабақта білімді бекіту мақсатында электрондық оқулық бойынша немесе мұғалімнің өзінің құрастыруы бойынша тест өткізу, оқушылармен пікірталас, дебат сабақтарын жүргізуге болады. Ақпарат құралдарының көмегімен сабақ жүргізу процесі арқылы белсенділігі төмен оқушылардың да қызығушылығын арттыруға болады.

Жаңа ақпараттық технологияларды қазақ әдебиеті сабағында қолдану барысында мынадай табыс критерийін қоя отырып, нәтижеге қол жеткізуге болады.

- оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді;
- тіл байлығын дамытады;
- өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
- шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді;
- өз бетімен білім алатын ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

Талантты және дарынды балаларды оқыту.

Сабақтың 2-сағатында Біржан салдың өмірі мен шығармашылығы жайлы оқу тапсырмасы беріледі.

1. Біржан салдың серілік құруы;
2. Сал мен серінің айырмашылығы;
3. Біржанның суырыпсалма ақындығы.

Нәтижесінде берілген тапсырмалар бойынша оқу тапсырмасын орындау барысында Біржан салдың сегіз қырлы, бір сырлы өнер иесі тақырыбына презентация дайындауды ұсынамын. Тақырып қорытындысында Біржан салдың ақындығын, сал-серілігін, суырыпсалмалығын, саятшылық өнерінің иесі екендігін күрделендіріп ғылыми жоба жасауға болатынын түсіндіремін.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту.

Бұл модуль талантты және дарынды балаларды оқыту тақырыбымен тығыз байланысты. Себебі екі модуль оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған сараланған оқытуға қатысты болып отыр. Білім стандартына сай бекітілген бағдарламаға сүйене отырып жас ерекшеліктерін ескеру арқылы тапсырмаларды орындатамын.

Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану оқушының жеке басының ерекшеліктерін ескергенде ғана нәтиже береді. Қазақ тілі сабағында тек грамматикамен шектеліп қана қоймай, оқушыларды қазақтың салт-дәстүрлерімен де үнемі таныстырып отырамын. Бұл арқылы оқушылардың тілге деген қызығушылығы артады.

Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Көшбасшылық бағдарламаның өн бойында мұғалім енгізетін өзгерістер тарапынан қарастырылады. Осы модульде әсіресе үш деңгейде айтылған көшбасшылық тәсілі мұғалімнің көшбасшылығын дамыту жөніндегі жұмыстар қағидатына негізделген. Мұғалімдер бағдарламадағы қарастырылған идеяларға сүйене отырып өз ортасында көшбасшы болуға талпынады. Осы модульге сүйене отырып, мен сабақта көшбасшы болуға тырыстым және сол сыныпта көшбасшыны тапсырма барысында айқындадым.

Барлық мұғалімдер балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін қолайлы орта жасауға тырысады. Дарынды және талантты балаларға қатысты бұл ойлауды, талқылауды және мұқият

жоспарлауды талап ететін күрделі мәселе. Әр түрлі теориялар мен стратегиялар балаларды оқытудың мазмұнын анықтау үшін бағдарлама шеңберінде қолданылады.

Нәтижесінде ынтымақтастық орта құрдым. Тақырыптың жан-жақтылығына байланысты оқушылардың пәнге деген қызығушылығы оянып, топта жұмыс істеуге дағдыланды. Жаңа сабақ туралы тұжырымдама жасауға үйренді. Өзін-өзі бағалауға және өздерінің құнды пікірлерін айтуға жаттықты.

Қорытындысында сындарлы оқыту талаптарына сай өтілетін сабақтарда әр оқушының білім деңгейін дамыту маңызды, әсіресе тәуелсіз елімізде мемлекеттік тілді үйренуге басты назар аударылып жатқанда мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын оқытуды оқушылардың тілді үйренуге, көркем әдебиетті оқуға деген ынта-тілегін әрбір сабақтар мен жүйелендірілген әдіс-тәсілдер арқылы білім көкжиегін кеңейтіп нұрландыруымыз керек деп ойлаймын.

Елбасымыз айтқандай «Еліміздің болашағы жас ұрпақтың қолында, жас ұрпақтың болашағы ұстаздардың қолында»-демек тәуелсіз елдің тұғырлы ұрпақтарының білімінде, мойнында. Ғылым мен техниканың өсіп-өркендеп отырған заманында білімнің асқар шыңын меңгеріп, оны шәкірттеріңмен бөлісу - жақсы нәтиже. Құзырлы мұғалім оқушыларға оқытудың сапалы, оңтайлы әдіс-тәсілдеріне көңіл бөлсе нәтижелері де жақсы болады деген сенімдемін. Сыни тұрғыдан ойлана білетін мұғалім оқушыларын да сыни тұрғыдан ойландыра біледі.

Мұғалім әрқашан ізденіс үстінде болуы керек. Оқушылардың деңгейі, мүмкіндігін саралау барысында сын тұрғысынан ойлау стратегияларын қолдану тиімді.

«Мұғалімнің жетістігі - оқушының көрсеткіші» демей ме, осы ізденісім мен талпынысымның арқасында жоғары көрсеткіштерге жетемін деп ойлаймын.



## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУ – ЕЛІМІЗ ҮШІН ЕҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

**СЕЙДЕЛХАНОВ Бауыржан,**  
*Т.Бердияров атындағы №20 жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.*  
*Түркістан облысы, Келес ауданы*

Мемлекетімізде қазіргі таңда ана тілін білу, оны үйренудің қажеттілігі жайлы орасан зор жұмыстар жүргізілуде.

1989 жылы 22 қыркүйекте тұңғыш рет Қазақ КСР-нің «Тілдер туралы» заңы қабылданып, онда қазақ тіліне «Мемлекеттік тіл» мәртебесі берілді. 1997 жылы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы қабылданды. Заңда қазақ тілі - мемлекеттік тіл деп нақты атап көрсетілген.

Бауыржан Момышұлы атамыз: «Тілін білмеген - түбін білмейді» деген. Шынында, тілін білмеген адам өз халқының тарихын, дәстүрін, мәдениетін өз тілінде сезініп, терең бойлай алмайды. Ол үлкен қасірет емес пе? Сондықтан әр адам ана тілін көзінің қарашығындай сақтауға, білуге тиіс. Болашағымызды баянды етер қаруымыз - бұл ана тіліміз.

Тіл қатынас құралы болғандықтан қарым-қатынас, өзара әрекет сол тіл арқылы дамиды. Қазақ тілі – қазақ халқының әдеби тілі және мемлекеттік тілі. Қазақ тілі - дүниедегі өзге де тілдермен салыстырғанда өте бай және көркем тілдердің бірі.

Әрбір қазақ, өз елінің патриоты болып, өзінің ана тілін құрметтей, сыйлай білуі керек. Өз ана тілінде сөйлей алуы керек.

Тіл - халықтың жаны, сәні. Адамды мұратқа

жеткізетін ана тілі мен дәстүрі.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Менің ел басшысы ретінде де, қазақ ретінде де, парызым қазақ тілін өсіп өркендету... Қазақ елі барда қазақ тілі болады, өседі, өркендейді» - деп айтқан болатын.

Тәуелсіз елімізде «Тілдерді қолдану және дамыту бағдарламасы» дайындалды.

Тіл қай ұлтта болса да, қай елде болса да, қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамның бойына ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы - әр елдің мақтанышы.

Ол - атадан балаға мирас болып қалған баға жетпес мұра. Сондықтан да, әр адам ана тілін қадірлеуге міндетті, оны шұбарлап сөйлеуге жол бермеуі керек.

Мемлекеттік тілді дамыту – еліміз үшін ең маңызды мәселе. Тіл - ата-баба аманаты. Ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа ұласқан, бабадан балаға жалғасқан ұлы мұралардың ұлысы алдымен әр ұлттың тілі ғой. Ендеше ата-баба мұрасын жалғастыру, оның мәртебесін көтеру – баршамыздың міндетіміз, парызымыз.

# ТАРИХ САБАҒЫНДА ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ



**УСЕНБЕКОВ Марат Қабылханұлы,**  
*Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының  
«Түркістан облысының әдістемелік орталығы»  
КММ-нің тарих пәні әдіскері.*

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» мақаласында: «Әрбір қазақстандық, ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мұның сөзсіз алғышарттарының қатарында компьютерлік сауаттылық, шет тілін білу және мәдени ашықтық сияқты факторлар тұрады» деп атап өтті. Сондықтан «Цифрлы Қазақстан», үштілділік, мәдени және конфессионалдық келісім бағдарламалары – ұлтты ХХІ ғасырдағы өмірге дайындаудың бір бөлігі.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында тұрады десек, қазіргі кезеңде еліміздегі білім саласында жүріп жатқан реформаларға байланысты білім беру жүйесі терең құрылымдық өзгерістермен сипатталады. Қазіргі ғылыми-техникалық өрлеу ғасырында жоғарғы деңгейде сапалы білім беру мәселесі - ең негізгі мәселелердің бірі. Бұл бағытта балаларға жоғары деңгейде білім беретін, еңбекке баулитын, талабын оятып, қозғау салатын орын – мектеп. Бүгінгі өркениетті қоғамда білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге көтеру.

Қашықтықтан оқытудың негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу. Сол себепті тарихшы ұстаз өз пәнінен ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкін-

діктерін жан-жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуы қажет, әрі оқушылардың білімін арттыру үшін сабақта АКТ құралдарын қолдана білу керек.

Қашықтықтан жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Сабақта жаңа технология ретінде ақпараттық технологияны пайдалану сабақтың тиімділігі мен сапасын арттырып, білім берудің табысты болуына оң ықпал етеді. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны барлық деңгейлерде жүйелі пайдалану арқылы оқушы сабақтарда алынған ақпаратқа талдау жасай білуге, ақпаратты дұрыс таңдау жауапкершілігін қалыптастыруға және өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланады.

Мектеп мұғалімдері сабақта сапалы дайындалған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалануы қажет. АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Сабақта жаңа технология ретінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалануда өткізілетін сабақтарды жоспарлаудың талаптары:

-ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен жұмыс істей білуге үйрету;

-тарих пәніне деген қызығушылығын тудыру;

-өз бетінше орындауға берілген жұмыстарға жауапкершілікпен қарауға, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету;

- өзіндік пікір, тұжырым, түсінік келтіру;
- дайын материалды көшіріп алмай, салыстырмалы жұмыс істеу;
- пікірін, тұжырымын дәлелдей және қорғай білуге дағдыландыру;
- жоғарыда айтылған мақсатқа жету үшін оқытушының әрекеті:
  - мұғалімнің білімділігі, тың идеяларды жеткізуі, компьютерлік сауаттылығы;
  - сабақтың тақырыбына сай мақсаттың айқын болуы;
  - білім мен тәрбиенің бірізділігі;
  - сабақтың жүйелілігі;
  - әр оқушының психологиялық ерекшелігін ескеру;
  - әр сабақта интерактивті тақта мүмкіндіктерін кең түрде пайдалану;
  - өз талаптарын бұйрық түрінде емес, кеңес түрінде ұсыну;
  - оқушылар пікірлерімен санасу, ерекше идеяларға қолдау жасау;
  - үйге берілетін тапсырманың уақытылы және нақтылы берілуі;
  - бағалау нормалары сақталып, әділ бағалануы.

Ұстаздың ақпаратты жай ғана жеткізіп қоймай, оқушылар тек қана тыңдаушы рөлін емес, ізденуші де рөлін атқарып, білім алуға деген қызығушылығын арттырып, ол жаңа ақпарат алып қана қоймай, мәселенің негізгі түйінін табуына ықпал етуі маңызды. Мұғалім өз түсіндірмесі кезіндегі сабақтың негізгі түйінін «Есте сақта!», «Бұл маңызды» «Көңіл аудар» деп қайталап отырса, оқушының есте сақтауына тиімді болады.

Мұғалім әр сабақта интернет, электронды почта, электронды оқулық, ғаламдық ақпарат жүйесін пайдалана білуі тиіс. Кез-келген пәндік әдістеме оқушыларға сол пәнді тереңдетіп игеруге, алған білімді практика жүзінде қолдануы мен проблемалық жағдайлардан шыға алуымен айқындалады. Оқу процесі кезінде компьютерді тиімді пайдалану және қолдану оң тәжірибе беріп отыр. Оқушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр. Тек сабақ кезінде ғана емес сабақтан тыс кезде де оқушылар компьютермен жұмыс жасауға арналған тапсырмалар беремін.

Қазіргі кездегі оқытушының басты мақсаты – білім мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерді қолдану болып саналады. Тарихты оқыту – өзара байланыста және үнемі қозғалыста болатын құрауыштардың басын біріктіретін өте күрделі үрдіс. Қазір білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінде қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану – басты талап. Бұл ретте өзім тарих сабағымда оқытудың көптеген әдістерінен құралған интерактивті оқыту технологиясының тиімді әдістерін қолданамын. Интерактивті оқыту әдістері

тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделіп отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Жалпы тарих пәні мұғалімі ретінде сабақтан тыс оқушылар арасында әртүрлі тақырыптарда конференциялар, дөңгелек үстелдер, зияткерлік ойындар, тарихи оқиғаларға байланысты кештер өткізіп отырамын. Бұл шараларды ұйымдастыруда мен оқушыларға тек қана бағыт беріп отырамын, ондағы мақсатым оқушылардың жан-жақты шығармашылық, терең ізденіс, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Барлық шараларды өткізген кезде ақпараттық технологиялар – интерактивті тақта, компьютер, видеокамера қолданылды.

Қорыта айтқанда, ақпараттық технологияларды тарих сабағында қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

- оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді;
- сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
- оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
- жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастыруға көмектеседі;
- тіл байлығын дамытады;
- өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
- шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.
- өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген. Соның бірі — білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, бүкіл әлемдік коммуникация желісіне шығу. Қорыта келгенде, тарих сабағында компьютер және т.б. жаңа ақпараттық құралдарды пайдалану - заман талабы. Жаңа замандағы – Жаңа Қазақстанымыздың дамып келе жатқан қадамында оқу процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізілуі де, келешекте компьютер заманы болатынына көз жеткізеді. Жаңа заман форматындағы құзиретті тұлғаны тәрбиелеу бүгінгі ұстаздардың басты міндеті деп есептеймін.

# Биология курсың ағылшын тілінде оқытуда терминологиялық ақпаратты эйдетика арқылы қалыптастыру



**ТЕМИРГАЛИЕВА Меруерт Турархановна,**  
№28 ІТ мектеп - лицейінің биология пәні мұғалімі.  
Алматы облысы, Талдықорған қаласы

Қазіргі жедел жаһандану әлемінде көптеген үлкен көлемдегі келіп түсіп жатқан мәліметтерді қабылдау үшін заманауи адамға ағылшын тілін жетік білу өте маңызды. Сонымен қатар мәліметтерді ары қарай талдап, өңдеп, қажетін қабылдап, есте сақтау үшін қажетті дағдылардың болуы тиіс. Бұл дағдылардың негізін қалау мектеп қабырғасынан бастау алады. Әсіресе жоғарғы 9-10-11 сынып оқушыларына өте қолайлы, себебі бұл жаста (14-17 жас) ерте жасөспірімдік кезең басталады, осы кезде оқушыларда маңызды үдерістер жүреді. Мәселен, жадының қайта қалпына келуі салдарынан есте сақтау қабілеттері жақсы дамып, тұлғаның интеллектуалды өсуі мен баланың жеке басының дамуы басталады.

Ендігі алдымыздағы тұрған үлкен мәселе оқушыларға ағылшын тілін жеңіл әрі түсінікті етіп оқыту. Оқушылардың қызығушылығы мен есте сақтау процесін шығармашылық және жағымды эмоциялармен толықтыру үшін эйдетика элементтерін пайдалануды жөн көрдім.

Эйдетика - бұл субъективті визуалды бейнелерді зерттеудің айтарлықтай жас бағыты. Эйдетикалық бейнелерді қабылдау қабілеті мен бастапқы дайындық дәрежесі әртүрлі балаларда байқалатындығы дәлелденді. Ғылымның қазіргі даму кезеңінде психологтардың, мұғалімдердің, философтардың көптеген ғылыми еңбектері эйдетикалық техниканы қолдануға арналған. Кез-келген оқу процесінің бастысы - есте сақтау - онсыз мектеп оқушылары сыныпта алған ақпараттарды толық игере алмайды, білім беру ұйымдарында алған білімдері мен дағдыларын қолдана алмайды. Ақпарат, кітап беттері сияқты, мида орналасады - қажет болған жағдайда адам оларды «айналдырады» және орынды табады. Есте сақтау технологияларының бірі – мнемотехника. Мнемикалық есте сақтау техникасымен танысу ұсынылған терминге, оның транскрипциясына және оны кейіннен көбейтуге қолайлы жағдайға мысал келтіруге негізделген. (1 сурет)

Термин	PROPERTY
Аудармасы	Свойство - қасиеттері, қабілеті
Транскрипция	[ˈprɒpərti]
Иллюстрация	
Есте сақтау жағдайы	<b>ПРО ПЕТ</b> ю можно сказать, что ему <b>свойственно</b> петь

Сурет-1. Сөздерді есте сақтауға арналған иллюстрациялық материал.

Оқушыларға терминді дауыстап оқып, оның аудармасымен және транскрипциясымен танысу ұсынылады. Бұл жағдайда бас әріптер терминнің транскрипциясын жаттауға ықпал етеді, оның аудармасы өз кезегінде жаттау жағдайын сипаттауда да бар (қаріппен ерекшеленген). Есте сақтау жағдайында оқушылар суретті қабылдайды және үлкен әріптермен басылған әріптерді есіне сақтайды.

Бұл әдістің тиімділігін бақылау тапсырмаларын алғанда көруге болады. Тыңдаушылардың әр кезеңдегі жұмысы «төмен-орташа-жоғары» рейтингтік шкалаға сәйкес келетін критерийлер жиынтығымен бағаланады.

«Төмен деңгей» (0-5) - оқушы 5 сөзден артық айта алмайды;

«Орта деңгей» (6-10) - оқушы 6-дан 10 сөзге дейін айта алады;

«Жоғары деңгей» (11-15) - оқушы 11-ден астам сөзді айта алады.

Оқушыға ұсынылатын сөздердің ең көп саны - 15.

Көрсеткіштердің жиынтығы орташа баллды көрсетеді. Жұмыс нәтижелері бойынша мұғалім мен оқушылардың бірлескен рефлексиясы күтіледі.

Бұл тәсіл бейнелі есте сақтау қабілетін, зейінді шоғырландыру дағдыларын, қиял қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, бұл өз кезегінде болашақта қоғамдағы оқушының жеке басының өзін-өзі жүзеге асыруына оң әсерін тигізеді деп ойлаймын.

Биология курсыңда ағылшын тілін үйрену идеясы, менің ойымша, орта мектеп деңгейінде мамандандырылған білім беруді жетілдіру бағытындағы ең перспективалы идеялардың бірі болып табылады. Бұл пәнаралық байланыстарды орнатып қана қоймай, сонымен қатар оқушыларды орта мектептер мен жоғары оқу орындарындағы студенттерді одан әрі алмасу бағдарламаларына қосуға ықпал ететін мамандандырылған оқытуды белсенді дамытуға болатындығына байланысты.

# ТҮРКІСТАНДАҒЫ 100 жылдық тарихы бар білім ордасы



**ДИЙМЕТОВА Дилбар Абдуразақовна,**  
Хамза атындағы №2 жалпы орта мектеп директоры.  
Түркістан қаласы

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының басты тетігі білім беру болып отыр. Рухани, мәдени саламыздың нығаюына, адами қасиеттердің жоғарылауына, жеке адамның сапалық ерекшелігінің өрлеуіне тек білім мен тәрбие арқылы ғана қол жеткізуге болады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев “Қазақстан – дарынды жастар мекені. Ертең еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыншау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз” деп талантты ұл-қыздардың дамуы үшін барлық жағдайды жасау керек екенін атап өткен болатын. Жас ұрпаққа сапалы білім мен жақсы тәрбие беретін білім ордасы мектеп екені белгілі. Мектеп – білім мен тәрбиенің қасиетті ордасы. Мектеп – асыл армандардың арнасы, ұлы істердің жалғасы. Жарқын болашағын ойлаған ел ең алдымен мектебін түзеп, ұстаздарын ұлықтап, білім мен тәрбиені бәрінен биік қоюы тиіс деп ойлаймын.

Тарихы терең, болашағы жарқын жаңарған Түркістандағы 100 жылдық тарихы бар білім ордасы Хамза атындағы №2 жалпы орта мектебінің жетістігі ұшан-теңіз. Бір ғасырды артқа қалдырған білім ордасының ойы озық, шығармашылығы шырқау, ізденісі

ілгері ұстаздары білім бәсекелерінде белсенділік танытудан таңған емес. Бір ғасырдан астам тарихы бар білім ордасында 158 мұғалім еңбек етіп, оқушыларға тәлім-тәрбие беріп келеді. Олардың ішінде 5 мұғалім-шебер, 41 мұғалім-зерттеуші, 31 мұғалім-сарапшы, 43 мұғалім-модератор. Мұғалімдердің 76% жаңа форматтағы аттестаттаудан өткен.

Мектебіміз 2020-2021 оқу жылын қашықтықтан оқу форматында бастады. Жалпы мектепте қазіргі таңда 1685 оқушы білім алады. Оқу жылы қашықтықтан басталып, оқу онлайн форматта ұйымдастырылғандықтан, аз қамтылған, жетім, жартылай жетім, көп балалы отбасы оқушылары арасында мұқтаж деп танылған оқушыларға көмек ретінде мемлекет тарапынан құрылғылар берілді. Сабақты "Мектеп онлайн" және "Zoom" платформалары арқылы оқудамыз. Балалар 1-сыныпқа және 10-сыныпқа "Мектеп смартнейшн" бағдарламасы арқылы электронды түрде қабылданды. Білім алушылардың қозғалысы, мектеп педагогтарының сапалық құрамы, материалдық базасы, мектептің техникалық персоналы туралы мәліметтер Білім беру (НОБД) базасында толтырылады. Kundelik.kz порталын бірнеше жыл қатарынан қолданып келе жатқан мектеп көрсеткіші электронды журналда мұғалім, оқушы, ата-аналар акаунты 100% құрайды.

«Жалпы орта білім беру деңгейі оқу пәндерінен жиынтық бағалау тапсырмалар жинағын әзірлеу» бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жанынан құрылған жұмыс тобында орасан зор еңбектері



мен шығармашылық табыстары үшін Д.Дийметова, Ф.Бакаева, Ғ.Зайниев, Ж.Садыков, Р.Бабажанова, Г.Утепбергенова, Н.Юлдашева, С.Вахапова, Б.Усманова марапатталды.

Ұстаздарымызға республикалық «Үздік Онлайн мектеп-2020» байқауында белсенділік танытқаны үшін BilimBook интерактивті панелі табысталды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында Нұр Отан партиясының сайлауалды бағдарламаларын іске асырудағы табандылық танытқаны үшін Елбасының Алғыс хатымен директордың оқу ісі орынбасары Зайнитдинова Дилрабо марапатталды. Үздік ТЖБ және БЖБ байқауында жас маман Ж.Садыков BilimBook планшетімен марапатталды. Бастауыш сынып мұғалімі Нурметова Лазоқат жас ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие берудегі еселі еңбегі үшін Мадақтамамен марапатталды. Дарын орталығы ұйымдастырған байқауда өзбек тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Хусан Убайдуллаев «Үздік авторлық бағдарлама» иесі атанып, облыста ІІ орынға ие болды. Адами капиталды дамыту бөлімінің Құрмет грамотасымен М.Файзиметова, Л.Нурметова, С.Байметовалар марапатталды. Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай «Мен батырдың ұрпағымын» атты онлайн байқауда үздік бейнеролик дайындағаны үшін бастауыш сынып мұғалімі Б.Юсупованың шәкірті 3 сынып оқушысы А.Тахиржанов Мақтау қағазымен марапатталды. «Асыл сөзді іздесен, Абайды оқы ерінбе» көркемсөз байқауында 10 сынып оқушылары Батыров Умиджан және Алиев Султанмурод жетекшілері Н.Нематжанмен бірге Мадақтамамен марапатталды. "Білім саласына ерекше үлес қосқаны үшін" Мадақтамасымен М.Пирметова, Ж.Садыков, М.Файзиметова марапатталды.

«Әл-Фараби - шығыстың ойшылы» тақырыбындағы облыстық конференцияда озық тәжірибесімен бөліскені үшін М.Раимжанова, О.Кахарова және Ш.Турсунбаева марапатталып, жақсы жетістікке қол жеткізді. Мұғалімдердің пәндік олимпиадасында информатика пәні мұғалімі Каримов Шахрияр, Феруза Бакаевалар бас жүлде иегері, орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Дилдора Исетова І-орын, Абдраимов Еркін, Абуова Халида ІІІ-орын иегерлері атанды.

Әр оқу жылы сайын дәстүрлі түрде өтетін жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп оқушылары арасындағы олимпиада үстіміздегі оқу жылында да жалғасын тапты. Білім бәйгесінің облыстық кезеңінде оза шапқан 5-6

сынып оқушылар арасында өткізілген Республикалық олимпиаданың облыстық іріктеу кезеңінде Б.Усманованың жетекшілігімен математика пәнінен 6-сынып оқушысы Розмухаммедов Сейдахмет ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Ағылшын тілі пәнінен өткізілген республикалық ұстаздар олимпиадасында ІІ дәрежелі дипломмен Н.Юсупова, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын педагогтар арасында насихаттау мақсатында өткен байқауда І дәрежелі дипломмен Н.Юсупова, Е.Абдураимов, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Ұлы даланың ұлы тұлғасы-Абай» атты республикалық қашықтық олимпиадасында І дәрежелі дипломмен М.Бухарова, Республикалық «Кітапхана ісі» бойынша байқауда ІІ дәрежелі дипломмен М.Бухарова марапатталды.

Мектебімізде жас ұрпаққа сапалы білім берумен саналы тәрбие беру де оң жолға қойылған. Жас ұрпақты елжандылыққа, отансүйгіштікке, ынтымақ пен бірлікке баулуда өткізілетін іс-шаралардың орны ерекше екені баршамызға аян. Осы бағытта да мектебіміз айтарлықтай биіктерден көрінді. «Жас ұрпақты есірткі экспансиясынан қорғау және денсаулық мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында өткізілген қалалық іс-шарада және «Түркістан қаласының жастары салауатты өмірді қолдайды» атты форумда бас жүлдеге ие болдық. «Толағай» отбасылар сайысында жүлделі ІІ орынға ие болған Ф.Ергешева, С.Нематжанов қала әкімінің Мақтау қағазымен марапатталды.

ҰБТ мектептің бір оқу жылындағы білім көрсеткіші десек, осы межеден біздің білім ордамыз әрдайым жоғары деңгейден көрініп келеді. 2020-2021 оқу жылында «Алтын белгіге» үміткер 16 оқушымыз, «Үздік аттестатқа» үміткер 8 оқушымыз мектебіміздің мақтанышы болады деп ойлаймын. Білім мен өнерді қатар ұштастырған киелі білім ордасы алдағы күннің талабына сай зор міндеттерді орындауды мақсат етеді. Білімді ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі ұстаз қауымының алдында тұрған үлкен міндет. Міне, осындай үлкен мақсат жолындағы мектеп ұстаздарының жетер жетістігі, алар асуы, бағындырар белесі әлі алда екеніне сенімдіміз.



# Современные технологии обучения на уроках русского языка и литературы



**ЕШМЕТОВА Мунира Ахмеджановна,**  
*учитель русского языка и литературы ОСШ №13 имени А.Навои,  
Туркестанская область, Сайрамский район*

Одним из важнейших показателей социально-экономического благополучия общества является состояние интеллектуального развития детей, поскольку дети составляют важнейший резерв страны, который будет определять уровень ее экономического и духовного развития, состояние науки и культуры. Поэтому проблема интеллекта занимает особое место в педагогической науке. С каждым годом жизнь предъявляет все более высокие требования к детям: неуклонно растет объем знаний, которые им нужно передать; мы, педагоги, хотим, чтобы усвоение этих знаний было не механическим, а осмысленным.

Русский язык - один из самых сложных общеобразова-тельных предметов. Трудности восприятия лингвисти-ческих понятий и усвоения соответствующих умений и навыков учащимися связаны прежде всего с недостаточ-ным уровнем сформированности интеллектуальной готовности к сложной учебной работе: низкой способности к концентрации внимания, умению анализировать, сравнивать, обобщать, делать выводы, применять теоретические положения к конкретным практическим ситуациям, держать в памяти большой объем фактического материала и уметь ситуативно активизировать его конкретную часть.

Цели современного урока - формирование таких компетенций, которые дадут мощный импульс в развитии обучающегося, повысят его самооценку, научат самостоятельно овладевать информацией. А для этого необходимо применение педагогом на уроках русского языка и литературы разнообразных форм и методов обучения. «Разнообразие - добрый знак хорошего преподавания», — говорил Буслаев.

Цель данной статьи - показать, как выбор образовательных технологий учителем решает цели современного урока.

Какие же технологии и их приемы я использую на своих уроках?

1. Игровые технологии.
2. Дифференцированное обучение
3. Технология модульного обучения
4. Здоровьесберегающие технологии

5. Информационно-коммуникационные технологии (ИКТ).

Игровая технология - это группа методов и приёмов в форме различных игр, что активизирует учебную деятельность. Такая игровая форма организации урока, как путешествие, представляет собой множество препятствий, преодолев которые, обучающиеся раскрепощаются и получают знания.

Нужна ли игра на уроках русского языка и литературы?

Всем входящим в класс хорошо известно, что на предложение «А сейчас давайте поиграем!» - наши дети реагируют немедленно и с восторгом. Причем они готовы принять за игру даже соревнование «по рядам» - кто быстрее ответит на вопрос учебника.

В любом человеке присутствует потребность в игре, но для ребенка она - хлеб насущный. Известный российский педагог С.Шацкий даже считал, что «серость жизни вызывает у детей нечто вроде настоящего заболевания». «Игра - едва ли не единственный вид деятельности, направленный на развитие на отдельных способностей (к искусству или технике), а способности к творчеству в целом». (О. Газман)

Эти общие положения становятся особенно актуальны в настоящее время, ибо явно выражен заказ общества на так называемую креативную личность, т.е. личность гибкую, открытую, с развитой способностью к творчеству в любых сферах.

Каждый учитель знает, что приходится иногда по многу раз повторять с учащимися один и тот же материал по грамматике и все же он остается неувоенным. Что же делать? Прежде всего нужны знания фонологической системы русского языка, понятие фонемы и умение различать ее сильные и слабые позиции в слове. Фонема в сильной позиции - ошибка исключена, в слабой - внимание! — можно допустить ошибку. Необходимо использовать различные приемы, рассчитанные на механическое запоминание зрительного образа слова. Психология учит: чем чаще слово воспринимается зрительно, тем прочнее запоминается его графический образ. В своей работе я стала чаще использовать орфографически насыщенные рифмованные

упражнения, алгоритмы и тестовые задания. Элементы занимательности применяю неожиданной для учащихся постановкой или формулировкой вопроса, созданием проблемной ситуации, необычной формой проведения урока (опрос в виде интервью, путешествия в сказку и т.д.) и, конечно же, игры: «кто больше», «слово расслышалось», «подберите пару», «аукцион», «слоговое лото», «слова-невидимки» и т.д. .

Известно, что учащихся привлекает всегда все новое, необычное. А всякое познание начинается с удивления. Удивление же есть момент пробуждения интереса к изучаемой теме, к самостоятельной работе. Главное в уроке, по-моему, постижение красоты языка, удивление перед его возможностями и - открытия, пусть маленькие, пусть не имеющие значение для науки. Вот когда ученик научится чувствовать язык, понимать, почему так, а не иначе говорят или пишут, тогда придет и желание «изловить» законы языка, т.е. через постижение красоты языка, его богатства, неисчерпаемых возможностей ученики придут к грамотной устной и письменной речи.

На мой взгляд, повысить грамотность учащихся можно, используя этимологический анализ слова.

Этимологический анализ оказывает на школьников сильное эмоциональное воздействие, т.е. создает условие для осмысленного запоминания слова, помогая сосредоточить внимание учащихся на том или ином языковом явлении. Одно слово, проанализированное с исторической точки зрения, поражает школьников ясностью своего значения и правописания (противник - против, ухищрения - хитрый, унижаться - низко), другое удивляет необычной историей (копейка от копьё), третье - неожиданными родственными связями (акварель - акваланг - аквариум), четвертое - своими образными свойствами (астра в переводе с греческого означает «звезда»).

Работу по формированию интереса школьников к русскому языку с помощью этимологического анализа слова провожу в три этапа.

1. Возбуждение интереса к слову.
2. Развитие познавательных возможностей учащихся.
3. Развитие у учащихся познавательной самостоятельности и вовлечение их во внеклассную работу.

Не все учащиеся одинаково способны к исследовательской деятельности. Поэтому использую дифференцированные классные и домашние задания.

Умения, полученные учащимися в результате поэтапного применения этимологического анализа слова, являются важной основой для приобретения самого главного из них - умения самостоятельно учиться, т.е. думать, рассуждать, искать, пользоваться словарями и другой справочной литературой.

Игровая технология - вот что спасает учителя и учащихся. Много интересных приемов в работе над сочинением уже сложилось в современной методике. Мое внимание привлек прием сотворчества, когда в классе пишется коллективное мини-сочинение. При его написании учитывается ход мысли ученика, внесшего в текст первое предложение, затем ученика, который с учетом первого предложения составил последующее предложение и т.д. здесь своевременно исправляются недостатки в оформлении мысли, тщательно отбирается лексика, контролируется развитие темы или микротемы.

В целях предупреждения однотипности работ

учащихся целесообразно обращать их к нетрадиционным формам сочинения, как рецензия, эссе, репортаж, интервью, путевые заметки, юмористические рассказы, лингвистические сказки, дневниковые записи.

Дифференцированное обучение - вытекает из того, что учащиеся различаются своими задатками, уровнем подготовки. Применяю его не только по отношению к учащимся, имеющим недостаточный уровень подготовки, но и к детям, опережающим класс. Увеличиваю объём работы учащихся не за счёт количество записанных слов, словосочетаний или предложений, которые выполняются на том же самом дидактическом материале. Например, при изучении темы «Обособленные определения» учащимся предлагается списать упражнение и расставить знаки препинания. Дополнительные задания сильным учащимся: указать, чем выражено определяемое слово и обособленное определение; начертить графическую схему; с помощью схемы показать, как можно превратить обособленное определение в необособленное.

Есть и другие формы и приёмы: работы, которые двигают дифференцированное обучение вперёд.

1. Детям предлагается вставить в данных словах пропущенные орфограммы. Учащиеся с более высоким уровнем подготовки должны самостоятельно подобрать слово с аналогичными орфограммами и обозначить их.

2. Учащиеся должны: поставить существительные в форму творительного падежа и подчеркнуть орфограммы. Задача более сильных учеников состоит в следующем: указать, какие ранее полученные знания необходимы для выполнения этого задания.

3. Самостоятельный подбор сильными учащимися дополнительных заданий к упражнению и выполнение их.

4. Предлагается ситуативная задача. Для слабых учеников: представьте, что вы готовитесь к докладу, у вас возникли сомнения, как правильно произносить слова: феномен, договор, средства, ходатайствовать, хаос, отчасти, квартал. Поставьте ударение в словах, используя словарь.

Здоровьесберегающие технологии - идут рука об руку с дифференцированным обучением. Разноуровневое обучение бережёт психологическое и физическое здоровье школьника. Выполняя задание по своим силам, обучающийся чувствует себя защищённым. А начинается всё с улыбки, с которой учитель заходит в класс. Его спокойная, но не монотонная речь снимает эмоциональное напряжение школьников, вносит нотку доверительных отношений. Обязательными атрибутами урока считаю физкультминутку, смену видов деятельности и минутку смеха, что способствует периодической смене позы ученика. Употребление пословиц напоминает учащимся о соблюдении режима дня. В канву урока непременно ввожу тексты, пропагандирующие спорт. Можно предложить составить предложение, отражающие последние спортивные новости. Немаловажным считаю момент прощания с детьми. Их обязательно надо похвалить. Допустим, вот таким образом: я сегодня вами довольна... И всё это – здоровьесберегающие технологии.



# 1 Наурыз – Алғыс айту күні

*УСЕНОВА Айман Қутыбаевна,  
№11 орта мектебінің әлеуметтік педагогы және  
өзін-өзі тану пәні мұғалімі.  
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы*

**Мақсаты:** Балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту.

**Міндеттері:**

- ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру;
  - үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыйпайлық қарым-қатынасын дамыту;
  - әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.
- Әдістері: сыни тұрғыдан ойлау технологиясының стратегиялары, ойын, түсіндіру, әңгімелесу.

Көрнекіліктері: оқулық, дәптер, сандықша.

**Барысы:**

**I. Ұйымдастыру**

Оқушылар тізбектеліп, бір-бірлеріне тілек білдіріп шығады.

Ризашылық өлеңін оқу:

Ризамын бүгінге,

Ризамын бүгінге,

Ризамын бүгінге,

Ризамын қазірге!

Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге,

Ризамын, ризамын, ризамын қазірге.

**II. Кіріспе**

«Орынын тап» ойыны

Оқушыларға әріптер беріледі. Осы әріптердің артында жұмбақтар жазылған. Олардың жауаптары тақтада ілінеді. Әріптерді дұрыс жауаптардың орнына орналастыра отырып, сабақтың тақырыбы ашылады.

Шаңырақ - күн,

Уықтары - нұр шашқан.

Екі пырақ, көк аспанға ұласқан.

Жарқырайды темірқазық жұлдызы,

Жол көрсетіп, алға бас - деп, Қазақстан! (Герб)

Ыстық дейді оны оттан,

Патриот оны ұнатқан.

Оңбайды бұл өмірде,

Адам оны жоғалтқан. (Отан)

Баспана көшпендіге өте ыңғайлы,

Әдемі мекен екен, жанға жайлы.

Тентектік істеп қойсаң, әке-шешен,

Сені тағы бұрышқа қоя алмайды. (Киіз үй)

**III. Негізгі бөлім**

Ризашылық - адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, көңілі үшін қанағаттанушылық және алғыс білдірушілік сезімі.

Алғыс – адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай-ақ оның ойы мен іс-әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беруі.

Ризашылық ұғымымен тағы қандай ұғымдар байланысты? Адамдар арасындағы ынтымақты қарым-қатынастың орнауы әр адамның өзіне және қоршаған ортасына тікелей байланысты. Сондықтан «Ризашылық» атты Қазақстан елінің барлық оқушылары мен отбасылары қатысатын акциясы өткізіледі. Осы акция төңірегінде көмекті қажет ететін балалар мен ересек адамдарға ақшалай, тұрмысқа қажет құралдар мен киім-кешек түрінде көмек көрсетіледі. Осы акцияның негізін салушы Сара Алпысқызы.

Бүгін – Рақмет айту (Thanksgiving Day) күні. Күннің халықаралық дәрежесі жоқ, мұны АҚШ және Канада халықтары қараша айының әрбір төртінші бейсенбесінде атап өтеді. Көз алдыңызға америкалық бақытты отбасылардың дастарқан басына жиналып, дәмді бәліштер мен күрке тауық етін жеп отырған сәті келді ме? Алайда, бұл мереке дастарқанмен ғана шектелмейді. Мерекенің ешбір дінмен байланысы жоқ, адамдар тек қана әрбір күн сайын не үшін рақмет айту керек екендігін ойланады.

Атаулы күн алғаш рет 1621 жылы ағылшындық колонистердің бастамасымен тойланған. Қыс мезгілі өте ауыр болып, адамдар аштыққа ұшырағандықтан губернатор Уильям Брэдфорд кол астындағылардың көңіл-күйін көтеру үшін Алғыс айту күнін белгілейді. Айналадағы басқа да көршілер бұл дәстүрді жылы қабылдап, қаһарлы қысты аман-есен өткереді. Рақмет айту күнінің басты нышандарының бірі – түйе тауық. Себебі, ағылшындық колонистер мерекені алғаш тойлағанда орманда атылған төрт түйе тауықты жеген екен.

Кейіннен, яғни 1789 жылы Джордж Вашингтон Рақмет айту күнін "Ұлттық мереке" деп жариялайды. Бұл күні барлық отбасы міндетті түрде дастарқан басына жиналып, туыстарына жақсылық жасауға асығады, жақындарын қуанту үшін түрлі тосын сыйлар ойлап табады. Қаладағы метроларда ерекше үстелдер орнатылып, адамдар ақша, азық-түліктерін қайырымдылыққа әкеліп қояды. XVII ғасырдан келе жатқан әр түрлі киімдерді киген тұрғындар шеруге шығып, думанды кештер ұйымдастырады.

Әрине, мереке біздің менталитетке сай емес деушілер табылар. Дегенмен, жылдың бір күнінде не үшін рақмет айту керек екенімізді ойлана жүрсек артық етпейтін секілді. Көптеген адамдар материалдық жағынан толық қамтамасыз етілген болса да, алғыс айта білмегені үшін рухани кедей болып қалып жатады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының "Мәңгілік Ел: бір ел - бір тағдыр" тақырыбымен басталған XXII сессиясының ашылу салтанатында сөз сөйлей отырып, Назарбаев халықтардың түгелдей жер аударылғанын еске алды.

"Сталин режимінде әр жылдары, өздеріңіз білетіндей, халықтар түгелдей жер аударылды. Оларды вагондардан ауытқарға тастап кете берді, олардың еш дүниесі болған жоқ. Сол уақытта бұл далада өздері мұқтаж бола отырып, оларды саман үйлеріне қабылдаған қазақтар, қазақ отбасылары ғана өмір сүрді", - деді Президент.

Назарбаев отбасының жер аударылғандарды қабылдап алғанын еске алды. "Саманнан жасалған екі бөлмелі там үйде тұрған біздің отбасы үш баласы бар жанұяны қабылдап алды. Көз алдымда әрқашан олардың бөлменің бір бұрышына жиналғанын елестете беремін, олар қорқып тұрды - киімдері жыртылған, аш, тозып кеткен. Олар біздің отбасыда өмір сүрді, жұмыс істей бастады, өмір бойы алғыс айтып өтті. Мен оның балаларымен дос болдым", - деді ол. "Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнінде - 1 наурызда, басқа уақытты қойса да болады - барлық ұлттың бір-біріне және осы адамдарды қабылдаған, аяушылық білдірген қазақтарға алғыс айту күні деп белгіленсе әділетті болар еді", - деді Қазақстан Президенті.

Сонымен, рақметке лайықты кімдер? Тізімді бірге құрайық! Бастысы – алғыс айта білу...

Анаға – өмір сыйлағаны үшін,  
Әкеге – қорған болғаны үшін,  
Далаға – гүлдері мен көк шалғыны үшін,  
Сөзге – жанды жылытатыны үшін,  
Күнге – шуағы мен назары үшін,

Жұлдызға – қараңғы түндегі жарығы үшін,  
Досқа – құшағы мен иығы үшін,  
Әкеге – ыстық алақаны үшін,  
Суға – тіршілік көзі болғаны үшін,  
Жерге – махаббаты мен бар болғаны үшін,  
Отқа – жылулығы үшін..

Топпен жұмыс

I-топ: Мұғалімнің және сыныптастарының қыз баланы туған күнімен құттықтау сәтін сахналау.

II-топ: Ағалы-қарындас туыстардың үйге келген қонақтарды күтіп алу сәтін сахналау.

III-топ: Сендер қандай жағдайда риза боласыңдар?

IV - топ: Ризашылықты қандай жолдармен білдіруге болады?

Видео ролик. «Жақсылығың қайтар өзіңе»

Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?

Осы сабақта өздерің үшін қандай жаңалық аштыңдар?

Осы сабақтан кейін қоршаған ортаға деген көзқарастарың өзгерді ме?

Өзгерсе қалай?

**Қорытындылау.** Балалар, жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдеріңді ешкімнен ешқашан аямаңыздар. «Рақмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңыздар. Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын есте сақтаңдар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңдер және Табиғат-Анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ақ ұлпа бұлты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңдар.

## Әлемді тербеткен - АНА

**ҚҰДАБАЕВА Дәрікүл Қарпысбайқызы,**  
*Қаражантақ жалпы орта білім беретін мектептің даярлық сынып жетекшісі.*  
Түркістан облысы, Арыс қаласы



**Мақсаты:** Балаларды мейірімділікке, аналардың өлшеусіз еңбегін бағалай білуге баулып, сол арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, үлкен-кішіге деген құрмет-ізетке тәрбиелеу. Анаға деген сүйіспеншілікті нығайту.

### Жүргізуші:

Ана дейміз біріміз де аңқылдап,  
Ана дейді жас сәби де жарқылдап,  
Ана деген бәйтерегі өмірдің,  
Ана деген алтын қазық алтын бақ.

Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар! Қымбатты қонақтар, сүйікті аналар, әжелер, ұстаздар бүгін көктемнің алғашқы мерекесі 8 Наурыз құтты болсын!

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасыларыңызға амандық, бақ береке, ырыс, ынтымақ тілеймін. Сіздерге арналған кішкентай бүлдіршіндеріміздің «Әлемді тербеткен-АНА!» атты мерекелік ертеңгілігімізді тамашалауға шақырамыз.

Тақырыпты ашу: Ал балалар, бүгінгі ертеңгілігіміздің тақырыбы мен таныс болайық: мен сендерге сұрақ беріп отырам, ал сендер жауап беріп отырарсыңдар. Әр дұрыс жауапты айтқан сайын мен мына жасырын сөздің бетін аша бастаймын, мұнда біздің бүгінгі тақырыбымыз жасырынған. Қане, келістікпе, балалар? Онда сұрақтарды тыңдаңдар.

1. Балалар қанша жыл мезгілі бар? (4)

2. Қазір қандай мезгіл? (Көктем)

3. Көктемде ең бірінші қандай гүл шығады?  
(Бәйшешек)

4. Көктемнің алғашқы мерекесі қандай мереке?  
(Аналар мерекесі)

5. Дүниеде ең қымбат жан кім? (Ана)

-Жарайсындар балалар! Дұрыс айтасындар. Біздің жанымызға ең жақын адам – Ана. Бүгінгі біздің ән жырымыздың бәрі аналарымызға арналады. Сұрақтарға дұрыс жауап бердіңдер. Бүгінгі өтетін тәрбие сағатымыздың тақырыбы «Әлемді тербеткен – АНА!». Ендеше аналарымызға арнаған мерекелік ертеңгілігімізді бастайық. Кәне, ана туралы ән білеміз бе?

–Жарайсындар, хор «Ақ мамам!» әнін қабыл алыңыздар.

–Балалар ана туралы тақпақтар білеміз бе? Ендеше тақпақтарымызды айтайық.

1-оқушы: Анам менің сүйікті

Тек өзіңе табынам.

Қасымда жүрсен биікпін,

Алыстасаң сағынам.

2-оқушы: Анаң болса қасында,

Басқа бақыт не керек.

Аналардың жүрегі,

Мейірімді ғой керемет.

3-оқушы: Мен анамды сүйемін,

Құшағына енемін.

Мәпелеген анамды,

Қуантсам деп келемін.

4-оқушы: Мәпелейді, әлдилейді, бағады.

«Құлыным» деп құшағына алады.

Өзгеге де, өзіне де жауапты

Барлығына қалай уақыт табады?

5-оқушы: Айналайын анашым,

Аялайсың, бағасың.

Сен үшін балалармен,

Ән шырқайық бәріміз.

6-оқушы: Әлпештеген аялаған,

Ақ сүт берген апатайым.

Сәлем жазып бүгін саған,

Мейрамыңмен құттықтаймын.

7-оқушы: Еркелеймін, шаттанам,

Жарқын күлкің - бақ маған.

Ақ бетіңнен сүйемін,

Келші, келші, ақ анам!

8-оқушы: Әр сөзіңді жаттағам,

Жүрегімде сақтағам.

Анашым деп мақтанам,

Айналайын ақ мамам!

9-оқушы: Аналарды сүйеміз,

Сөзін ойға түйеміз.

Аналарды ардақтап,

Әдеппен бас иеміз.

10-оқушы: Жақсы көрем күлкіңді,

Айналайын ақ анам.

Менің анам сүйкімді,

Бәрінен де жақсы адам.

11-оқушы: Өмірдің қызығы,

Өзіңсіз өтпейді.

Мен үшін анама,

Ешкім де жетпейді.

12-оқушы: Әлпештеген анамыз,

Біз бақытты баламыз.

Оқып білім аламыз,

Жұлдыз болып жанамыз.

13-оқушы: Әр сөзіңді жаттағам,

Жүрегімде сақтағам.

Анашым деп мақтанам,

Айналайын ақ анам!

14-оқушы: Мені жақсы көреді,

Күндей күліп келеді.

Көп ертегі біледі,

Маған айтып береді.

Ән: Әжелердің құрметіне «Сағындым әже, сағындым!»

Би билейік бұралып,

Қыздар тұр сұранып.

Менде тұрмын құр қалып,

Шаттанайық қуанып.

Би: Сыныбымыздың қызғалдақтарының орындауында «Қарлығаш» биі.

Ендігі кезекте «Ана мен бала» ойыны.

Шарты: Ортаға шыққан анамыздың көзін орамалмен байлап қоямыз. Ол балалардың арасынан өзінің баласын табу керек, қолынан ұстау арқылы.

Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй.

Ән айтылып жатқанда балалар аналарына жапсыру сабағында жасаған ашық хаттарын береді.

-Енді тамашалайтындарыңыз сыныбымыздың сері жігіттерінің орындауында «Мама Мария» биі, қабыл алыңыздар.

«Тұлпарым» әні.

Барша ана, құтты болсын мерекеніз.

Әрқашанда ана сізбен берекеміз.

Ақтасақ ақ сүтінді, асыл анам,

Сонда біз кісілікке теңесеміз.

Құрметті қонақтар, біздің «Әлемді тербеткен - АНА!» атты мерекелік ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті. Көңіл қойып тамашалағандарыңызға көп-көп рақмет! Аяулы аналар! Сіздер өмірді нұрландырып, шаңыраққа шаттық нұрын себесіздер. Сіздердің қолдауларыңыз әркімнің жүрегіне сенімділік ұялатып, шуақ сыйлайды. Осы айрықша қасиеттеріңіз мәңгілік салтанат құрып, елге ырым-құт дарысын! Мейрамнан мейрамға аман-есен жетіп, гүлдей құлпырып, кішкентай бүлдіршіндеріңіздің қызығын тамашалап жүре беріңіздер. Келесі кездескенше сау-саламатта болыңыздар.

**ЖЫЛ БАСЫ - ӘЗ НАУРЫЗ**

*ЧИГЕБАЕВА Алмаул Нурмухамбетовна,  
Ш.Уәлиханов атындағы Сарыөлең орта мектебінің  
бастауыш сынып мұғалімі.  
Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы*

**Мақсаты:**

1. Оқушыларға Наурыз мейрамы туралы түсінік беру, қазақ халқының ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүрлерін дамыту және сақтау.

2. Оқушылардың тіл байлығын дамытып, көпшілікте өзін-өзі ұстай білуге үйрету.

3. Қазақтың ұлттық өнерін, мәдениетінен тәлім-тәрбие беру, ұлтжандылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Сахнада киіз үйдің жабдықтары, ұлттық дастарқан, қанатты сөздер, слайд.

**Жүру барысы:**

Әсем безендірілген сахнада «Наурыз – думан» әнімен оқушылар шығады.

**Мұғалім:**

Армысыздар, ұстаздар, ата-аналар, қонақтар! Бәріміздің асыға күткен Наурыз тойымызда келіп жетті. Наурыз - «жаңа күн» деген сөз. Бұл күн - біздің ата-бабаларымыз, арғы тегіміз мындаған жылдардан бері тойлап келе жатқан жыл басы мерекесі. Наурыз тойымыз құтты болсын! Ұлыстың ұлы күні деп аталған наурызда денсаулықтарыңыз мықты болсын, тілектеріңіз қабыл болсын.

**I жүргізуші:**

-Құрметті ата-аналар, ұстаздар, оқушылар! «Жыл басы - өз Наурыз» атты мерекені бастауға рұқсат етіңіздер.

**II жүргізуші:**

Жаңа жылды қарсы алу барша халықтың дәстүрлі мерекесі. Әр халықтың өзінше мерекесі болады. Мұсылман халқының жаңа жылы «Наурыз» айының 22-сі.

Ұлы қазақ халқы жаңа жылын «Наурыз» дейді.

**I жүргізуші:**

Кеңінен елге таралған,  
Негізі ерте қаланған.  
Еңбек шаттық жыл басы,  
Наурыздан бастап саналған.

**II жүргізуші:**

Наурыз келсе құт келгені халайық,  
Есік ашып, шашу шашып,  
Ел боп қарсы алайық.  
Олай болса, ардақты әжелерді қарсы алайық!

**I жүргізуші:**

Шашу! Шашу!  
Көп шашайық шашуды,  
Жауғандай кеп аспаннан нөсер жаңбыр.  
Уа, жамағат, теріп ал несібеңді,  
Ризық болсын көл-көсір!

(Үш ауылдың әжелері шашу шашады.)

**I жүргізуші:**

Ұлы халқымыздың тұрмыстық мерекесі болып келген жаңа жыл мейрамы - Наурыз мейрамы құтты болсын халайық!

**II жүргізуші:**

-Досым-ау, жаңа жыл әлі келе қойған жоқ. Ескі жылды есте қаларлықтай етіп жақсылығын марапаттап, табыстарын санап, мадақтамаймыз ба?

**I жүргізуші:**

Иә, құрбым. Өткен жылда еліміздің іргесі аман, қазанымыз бүтін болды. Елбасының арқасында еліміз күннен күнге дамып, өркендеп келеді.

**II жүргізуші:**

Иә, еліміздің егемендігі нығайып, халқымыздың тәуелсіздігі артты. Тіліміздің де мәртебесі артты емес пе, достым.

**I жүргізуші:**

Иә, дұрыс айтасың, құрбым. Жақсылық тек жақсылыққа жалғаса берсін. «Береке басынан басталады» демекші, «жыл жақсы басталса, аяғы да жақсы болады» деген қағиданы берік тұтынған халық бүкіл ыдыс атаулыны дөңге, аққа, таза суға толтырып, бетін ашық қалдырған. Бұл 21-наурыз күнгі таң алдында орындалады екен. Бұның мәні: дала аралаған Қыдыр ата келіп, «қыдыр, құт дарытып» кетеді дейді екен. Олай болса бүгінгі біздің Наурыз мерекемізге Қыдыр ата келе жатыр дейді. Оу, шынында да бізге қонақтар келе жатқан сияқты.

**II жүргізуші:**

Иә, келе жатқан Қыдыр ата мен құдайы құтты қонақтар ғой.

Сахнаға Қыдыр баба шығады. Ұл балалар тізерлеп бата тілеп отырады.

**Қыдыр ата бата береді:**

Ұлыстың ұлы күнінде,  
Ұлың оңға қонсын.  
Қызың қырға қонсын,  
Қыруар малың өріске толсын,  
Елдеріңнің іргесі берік болсын.  
Жасқа құрмет, кәріге күтім болсын,  
Сөздерің серттей берік болсын.  
Еккендерің өнімді болсын,  
Өмірлерің көңілді болсын.  
Төрт-түлік төлді болсын,  
Баққандарың шөлді болсын.  
Ақ көп болсын,  
Уайым-қайғы жоқ болсын.

Сапарларың оң болсын,  
Дәулеттерің асырсын,  
Дұшпаныңды батырсын.  
Аумин!

**І жүргізуші:**

Пәле-жала, ауру-сырқау, реніш-қайғы өткен жылда қалсын деп «Аластау» рәсімі бар емес пе?

**ІІ жүргізуші:**

Күн мен түн де теңелді,  
Жердегі көкке жан бітіп.  
Жер ана да бусансып,  
Тон жібиді, жер кеуіп. - деп Жер ана да келіп жетті.  
Жер Ана шығады. Қыз балалар отырады. Жер Ана аластау рәсімін жасайды.

Жер ана:

Алас, алас, пәледен алас,  
Алас, алас, баладан алас,  
Алас, алас, жаманнан алас,  
Көзі жаманның көзінен алас.  
Тілі жаманның тілінен алас,  
Елімнен алас, жерімнен алас,  
Алас, алас! Алас, алас!

**І жүргізуші:**

Қашанда құт-береке орнасын деп,  
Тойларда шашу шашу - салты елімнің.  
Ұлыс күнде айтылған ақ тілекті,  
Қабыл ал, қонақжай халқым менің. - деп ақ тілеуді  
енді Қыдыр атамен келген құдайы құт қонақтарымызға береміз.

**ІІ жүргізуші:**

Әнім де саған, биім де,  
Құт қонақ өзін үйімде.  
Қуаныш сыйлар еліме,  
Күлімде, наурыз, күлімде.  
Би «Көктем», Ән «Келді Наурыз»

**ІІ жүргізуші:**

Ал, халайық, тұрмайық,  
Әндетейік, жырлайық,  
Ортамызды ашайық,

Бірыс тілеп бұл жылға,  
Жырдан шашу шашайық.

**ІІ жүргізуші:**

Кедеймін деп қысылма,  
Өнерің болса қолыңда.  
Жарқырап жатыр жолыңда.  
Ән салайық, би билеп,  
Өнермен өрге басып, кідірмейік.

Би «Батырлар»

**І жүргізуші:**

Кетер өрлеп даңқымыз,  
Біз - Қазақстан халқымыз.  
Ата салтын сақтаған,  
Бар дәстүр мен салтымыз.. - деп бесікке бөлеу салт-дәстүрімізді тамашалайық.

Бесікке бөлеу рәсімін көрсетеді.

Би «Қазақ»

**І жүргізуші:**

Бізде қызық ойын бар,  
Барлығың ден қойыңдар.  
Наурызды тойлайық,  
Ұлттық ойын ойнайық.  
«Хан талапай» мен «Теңге алу» ұлттық ойындар ойналады.

**І жүргізуші:**

Наурызым-тойлы, нұрлы күн,  
Мерейің асып тұр бүгін.  
Жерімнің жүзін жылыттың,  
Елімнің сақта бірлігін! деп «Қазағым» әнін қабыл алыңыздар.

Мұғалім: Құтты қонақтарымызға сөз беріп, үш ауылға берген бағасын тыңдайық.

**ІІ жүргізуші:**

Дастарқаны халқымның тола берсін,  
Бақыт құсы қолыңа қона берсін.  
Ұлы тойдың төресі - Наурыз тойы,  
Жылдан жылға құтты той бола берсін! - деп мереке-мізді аяқтаймыз.



## Математика сабағында ойын элементтерін пайдалану

**ӘШІРБЕКОВА Гүлнар Әкенқызы,**  
*Жаңаталап негізгі орта мектебінің математика пәні мұғалімі.*  
*Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы*

Қазіргі жаһандану заманында ХХІ ғасырдың азаматтарының бойында қандай білік, дағды қалыптастыру керек деген сұрақ негізгі мәселеге айналып отыр. Ал оны қалыптастыратын бірден-бір жауапты адам – бұл мұғалім. Мұғалімдердің көтерер жүгі жеңіл емес. Өйткені мектепке келген жас бүлдіршіннің бойында ең алғаш білік, дағдыларды қалыптастырушы – осы буынның мұғалімдері. Бұл кезекте жаңартылған білім мазмұнының бағдар-

ламасының ерекшеліктерін жете түсініп, меңгерген мұғалім болашаққа бағдарланған оқушыны қалыптастыра алады. Осы бағдарлама аясында оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісін кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттігі - бүгінгі күні мұғалімдерге қойылып отырған басты талап.

Қазіргі күн тәртібіндегі өзекті болып табылатын мәселелердің негізгісі - оқушылардың әрқайсысының

өзіндік қабілетін, мінезін танып, жетілдіріп, сол бағытта жеке тұлғаларды тәрбиелеу.

Орта мектеп бағдарламасындағы пәндердің бірі – математика. Математика сабағында оқушылардың осы пәнге деген қызығушылығын арттыру, алдына қойылған есеп шешімін өз бетінше табуын жетілдіру, ойлау деңгейін, қабілетін шыңдау ұстаздың басты міндеті болып табылады.

Математика сабағын жүргізгенде әр түрлі тәсілдерді тиімді пайдалана білу керек. Білім беруді ізгілендіру, оқыту әдістерін жетілдіруді, дамыта оқыту әдістері мен тәсілдерінің тиімді пайдалануын талап етеді.

Білімді меңгерту, біліктілікті қалыптастыру үрдісінде бақылаудың алатын орны ерекше. Бақылау - білім, біліктерін айқындау, есепке алу, бағалау, тексеру. Егер берілетін білім мен оны меңгертудің арасында үйлесімділік болмаса, тиісті нәтижеге қол жету мүмкін емес.

Білім берудегі шамаға лайықтылық тиісті кедергілер мен қиындықты жеңе отырып меңгерілсе, ұғым – түсінік тиянақты болады. Жүйелі түрдегі әрекет мақсат еткен нәтижеге жеткізеді және одан шәкірт рухани қуат алып, ақыл-ой еңбегінің дағдысын қалыптастырады. Берілетін білімнің беріктігі шәкірттің шамасына лайықтылығы мен жүйелілігіне байланысты, оқушының көңілін әр нәрсеге алаңдата бермей, олардың зейінін нақты бір мәселеге тиянақты бағдарласа, математиканы игерту нәтижелі болмақ.

Оқушыларды математиканы оқытуға қызықтырып тарту үшін қолайлы жағдайлар туғызу қажеттілігі, оқуға қызықтырудың басты шараларының бірі – нәтижеге жетуге ынталандыру.

Математика сабақтарында дидактикалық ойын элементтерін қолданып сабақ өткізу өте пайдалы. Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспеттес. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады.

Математикалық ойын дегеніміз тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиял қанат бітіретін ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі. Сабақта ойын элементтерін пайдалану оқушылардың ой-өрісін, танымдық белсенділігін арттырады. Теорияны практикамен ұштастыруға жол ашады. Алайда ойынды үнемі оқу процесінде пайдалануға, ұзақ уақыт созуға болмайды. Ойын белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асырылып, сабақ кезеңдеріне де нұқсан келтірмейтіндей жымдасып жатуы тиіс.

Ойын түрлері: «Құпия қап», «Баспалдақтар», «Сиқырлы дорба», «Құстар», «Моншақ тізбегі», «Орамалдағы өрнек», «Жасырынған сөздер», «Қар кесегі», «Мұз қамалы», «Бұрқасын», «Хоккей».

Ойынға педагогикалық басшылық жасау дегеніміз оқушыларды ұйымшылдыққа, шығармашылық дербес қызметтерін алмастыратын, балалардың ұжыммен қарым-қатынасын жетілдіре түсуі болып табылады. Ойын барысындағы қарым-қатынаста педагог басты назарды достыққа, жолдастық қарым-қатынас, өзара түсіністікке көңіл аударады. Ұжымдық ойындағы оқушының алар орны күнделікті өмірден айтарлықтай өзгеше. Ол ойындағы атқаратын рөлінен туындайтын мазмұнмен сипатталады. Ойын оқушылардың қарым-қатынасын орнықтырады, бір-біріне сенімін, түсінігін арттырады. Ойын мектеп оқушыларын тәрбиелеудің тиімді жолы, сабақтың

барысын өзгертіп жаңалықтар енгізіп отырсақ, оқушылардың білімге деген құштарлығы артары сөзсіз.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары оқушыларды оқыту барысында оларды қалай оқып үйренуді білуге, дербестікке, ізденімпаздыққа, сенімділікке, жауапкершілікке және талдау жүргізуге қабілетті болуға үйрету басты міндет болып табылатын қағидаға сүйенеді.

Мұғалімдердің бұл қасиеттерді әр түрлі әдістермен қолдану арқылы дамытуы:

1) Оқушылардың жеке пікірін тыңдай білу, бұған дейін алған білімдері мен қалыптасқан түсініктерін одан әрі дамыту үшін оларды қолданудың маңыздылығын құптау;

2) Жеке және саралай оқыту тәсілін қолдану;

3) Проблемаларды және оларды шешу стратегияларын құрастыру;

4) Оқушылардың жетістіктерін бағалау арқылы олардың оқуына қолдау жасау;

5) Оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерінің негізінде белсенді оқуға ынталандыру;

6) Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту.

Математиканы оқыту стратегияларының үлгілері:

1) Оқушылардың ойын әрекетін, шығармашылық және жобалық жұмыстарын ұйымдастыру;

2) Түсіндіру, идеяларды таныстыру, диалогтарға қатысу, мәтінмен жұмыс, алгоритмдер, нұсқаулықтар құру, математикалық тапсырмаларды орындау әдістерін сипаттау және түсіндіру барысында оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;

3) Мұқият таңдап алынған тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы оқушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;

4) Оқушылардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру: жеке және топтық жұмыс;

5) Бірін-бірі оқыту;

6) Түрлі дерек көздерінен ақпарат іздеуді талап ететін есептерді шығаруға көмектесу, АКТ-ның мүмкіндіктерін пайдалану;

7) Математиканың практикада қолданылуын пайдалана отырып оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру;

8) Оқушыларды өз жұмысын талдауға және түзетуге ынталандыру (рефлексия).

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану:

Математикада сандық технологияларды қолдану құзыреттілігі оқушылардың жұмыс барысында, бос уақытында технологияларды сенімділікпен және шығармашылықпен пайдалануын қамтиды, АКТ-ны пайдаланудың бастапқы дағдылары арқылы қалыптасады.

«Математика» пәнін оқу бағдарламасы төменгі мәселелерді қамтиды:

1) Оқушыларға негізгі ақпараттық технологияларды пайдалануды үйрету;

2) Ақпаратты іздестіру және оны таңдауға байланысты өздігінен жұмыс істеу дағдысын дамыту;

3) Математиканың түрлі бөлімдерін оқу кезінде презентациялар құру үшін керекті компьютерлік бағдарламаны қолдану, математикалық тапсырмаларды орындау барысында фото/видео әзірлеу (геометриялық фигураларды жасау);

4) Өздігінен жоспар мен графиктер құру.

Жиынтық бағалау белгілі оқу мерзімінде оқу блогын оқып бітіргенде өткізіледі, оқушыларға кері байланысты қамтамасыз ету, пән бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін қолданылады.

Көрнекті педагог В.Ф.Сухомлинскийдің «Егер мен сабақ беруші ғана болсам, педагогтік деңгейде көтеріле алмас едім, шәкіртімнің жүрегі мен үшін қақпасын мәңгі ашпас тас қамалдай болып қала берер еді» деген сөзін өз санамызға сіңіріп, бұл тұжырымға көп мән беруге болады. Мысалы, мектеп оқушыларының көпшілігі математика пәнін меңгеруде көптеген қиыншылықтарға ұшырайды.

Қайсыбір оқушы болмасын одан осы пән туралы сөз қозғасаң, оны дұрыс түсіне алмай жүргенін, оған деген құштарлығының жоқтығына көз жеткізуге болады. Әрине, басқа пәндерге қарағанда бұл пәннің қиыншылығы да бар. Бірақ кез-келген пәнді жақсы меңгеру үшін оқушылардың сол пәнге деген қызығушылығын арттыру мұғалімнің шеберлігіне келіп тіреледі.

Математикалық ойындар сыныпта жүргізілетін жұмыстардың ең қызықтысы. Ойынның қандай түрі болмасын, балаларды өзіне тартады. Мұның өзі мұғалім үшін өте қажетті жағдай. Мұғалім оқыту барысында пән мазмұнына тән академиялық кәсіби тілді меңгертуге көңіл аударуы керек. Математикалық терминологияны қолдана отырып, оқушылар өз ойларын жағаты және нақты жеткізе білуге үйренеді. «Тілдік құзыреттілікті қалыптастыру» айдарында академиялық тілді дамытуға арналған ойын түрлерін пайдалануға болады. Мысалы: оқушылар уақытты сағат бойынша анықтағанда мына сөздерді, сөз тіркестерін

пайдаланады: жарты, ширек, у-ке, х минут қалды, х минут кетті, (мұндағы х- минут, у- сағат ). Ол үшін математи-калық терминдер мен сөз тіркестерін жүйелі әрі сауатты қолдану қажет.

Мұғалімде әрбір ойын элементтерін қолдану оқушылар арасында саналы жарыс туғызған жағдайда жүргізілуі тиіс. Мұғалім де әрбір ойын жөнінде терең толғанып, оның оқу және тәрбиелік маңызын түсіне білуі керек. Оқушыларға қойылған сұрақ қысқа, түсінікті болуы шарт. Ойын процесінде мүмкіндігінше ойынның бірнеше түрін кезектестіріп отыруы керек, әйтсе де бізде көбіне бағдарламаға байланысты бір сарынды оқыту әдетке айналған.

Мысалы: үлестірме екі бөлініп, біреуінде сұрақ, екіншісінде басқа сұрақтың жауабы жазылады.

Қорыта айтқанда, дидактикалық ойындардың математика сабақтарында атқаратын рөлі ерекше. Ол оқушылардың қызығушылығымен қатар, оқушыларды белсенділікке, тез ойлауға, ауызша есептеулерге, логикалық ойлау қабілетін арттыруда ерекше маңызы зор. Сондықтан математика сабақтарында ойын элементтерін неғұрлым жиірек пайдалансақ, соғұрлым сабағымыз қызықты тартымды өтер еді.

*Үздік сабақ*



## Духовная красота человека

**КАРИЕВА Замзагуль Нургабыловна,**  
*учитель французского языка и самопознания гимназии № 35,*  
*город Алматы*

<p><b>Цель:</b> углубление представлений учащихся о понятии красота человека</p> <p><b>Задачи:</b></p> <p><i>Образовательная:</i> раскрыть взаимосвязь внешней красоты и состояние внутреннего мира человека.</p> <p><i>Развивающая:</i> развивать стремление стать красивым человеком в истинном смысле этого понятия.</p> <p><i>Воспитательная:</i> Воспитывать чувство прекрасного.</p>	<p><b>Ресурсы:</b> мел, доска, учебник, интерактивная доска, слайды, музыкальные файлы для проведения позитивного настроения, для группового пения.</p>
